



КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев әйгілі ұшқыш-ғарышкер, Халық қаһарманы, мемлекет және қоғам қайраткері Талғат Мұсабаевтың дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтты.

— Талғат Амангелдіұлы үш мәрте ғарышты бағындырған, ашық космосқа шығып, айтулы ерлігімен еліміздің атын әлемге танытқан батыр тұлға еді. Отандық аэроғарыш саласын дамытуға бар күш-жігерін жұмсап, еселі еңбек етті. Сенат депутаты және қоғам қайраткері ретінде көптеген игі іске бастамашы болды. Кәсіби біліктілігімен, айналасына сыйлы азаматтық қалпымен халықтың құрметіне бөленген Талғат Амангелдіұлының жарқын бейнесі ұмытылмайды. Иманы саламат, жаны жәннатта болсын, — деп жазылған жеделхатта.

АЛАТАУЫҢ — АБАЙ ЖАЗҒАН ӨЛЕҢДЕЙ



Абай туралы Жүмекен жиырма шақты өлең жазған. Оқып отырсаң өлең жазғанда Абай оның иығынан қадалып қарап тұрған сияқты елестейді. Өлеңнің кез келген тұсында Абай есіне түсе кетеді, шабытпен ағып келе жатып, Абай өлеңіне соғылады, Абай жырға жолығады.

→ 7

ӨЗЕКТІ

Кейінгі кездері Алматыда мопед тізгіндеушілер саны едәуір азайған. Оған басты себеп – жаңа заңның күшіне енуі. Осыған дейін тиісті орган өкілдері мопедтің тіркеу нөмірі болуы қажет екенін міндеттеген еді. Ереже қолданысқа енгелі бері біршама курьер мопедті тастап, электрвелосипедке ауысқан.

ЭЛЕКТРВЕЛОСИПЕД — УРБАНИЗАЦИЯ ТАЛАБЫ



БАСҚАРУ ЖЕҢІЛ ӘРІ ҚҰНЫ АРЗАН

Бүгінде қалада электрвелосипедке сұраныстың артқаны байқалады. Әсіресе, курьерлердің аталған көлік түріне ауыса бастауының да өзіндік себебі бар. Өйткені электрвелосипедтің бағасы салыстырмалы түрде арзан әрі құжат рәсімдеуді қажет етпейді. Осыған байланысты біз де көлік түрін сатумен айналысатын бірқатар дүкенге хабарласып көрдік. Олар көлік жүргізушілері арасында электрвелосипедке деген сұраныс көбейгенін растады.

→ 5

АҚОРДА

ҚАЗАҚ-ТҮРІКМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған Біріккен Ұлттар Ұйымының үшінші конференциясына қатысу үшін Түрікменстанға барды. Түрікменбашы әуежайынан Мемлекет басшысын Түрікменстан Халк Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов қарсы алды. Әуежайда Қасым-Жомарт Тоқаев пен Гурбангулы Бердімұхамедов аз-кем әңгімелесті. Мемлекет басшысы Қазақстан мен Түрікменстан ынтымақтастығы өркендеп, қарқын ала түскенін атап өтті.



— Құрметті Гурбангулы Мыялигулыевич, Сізбен қасиетті түрікмен жерінде, бауырлас Түрікменстанда қайта жүздескеніме қуаныштымын. Шақыруыңызды шын ниетпен қабыл алдым. БҰҰ Бас хатшысының қатысуымен осындай форум өткізу — үлкен жетістік. Бұл 30 жылдан бері бейтарап саясат ұстанып келе жатқан Түрікменстанның халықаралық абырой-беделі жоғары екенін көрсетеді. Қазақстан аталған

саясатты толығымен қолдайды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Халк Маслахатының төрағасы қазақ-түрікмен байланысының ерекше сипатына жоғары баға берді.

Мемлекет басшысы мен Халк Маслахатының төрағасы екі ел халқы достық пен тату көршілік қатынасты одан әрі нығайтуға ерекше мән беретінін айтты.

МӘСЕЛЕ

ЕСКЕРТКІШТЕР ЕСКЕРІЛМЕЙ ТҰР

Биыл Қызылорда қаласының Қазақ АКСР-і астанасы атанғанына және Қазақ атауының қайтарылуына 100 жыл толып отыр. Осынау атаулы күнге орай Сыр өңірінде айтулы шаралар ұйымдастырылып, тарихи кезеңнің мән-маңызы кеңінен түсіндіріліп жатыр.

Сыр шаһары астана статусын алған кезден бастап қоныстанушылар қатары да артып, халық санында өсім байқалады. Сол кезеңде қала халқы 22 мыңнан асты деген ақпар бар. Қала құрылыс алаңына айналып, мемлекеттік мекемелер, өндіріс орындары мен орта және арнаулы мектептер ашыла бастаған. Сонымен қатар көптеген ақпарат құралы осы өңірге шоғырланады. Атап айтқанда, бас шаһарда сол кездегі «Еңбекші Қазақ», «Советская степь», «Ауыл» және «Әйел теңдігі» баслымдары, «Денсаулық жолы», «Жаңа мектеп» пен «Жаңа әдебиет» сынды журналдар жарық көре бастаған. 1926 жылы тұңғыш театр да Қызылорда қаласында шымылдығын түрген көрінеді.

Сол кезеңнен бізге сыры мен сыны бұзылмай жеткен тарихи нысандар қатары аз болмады. Алайда, өкініштісі сол, кешегі тоқырау кезеңде тарихи ескерткіштердің құндылығы ескерілмей, көпшілігі жермен жексен болып бұзылып кеткенін тарихшылар мен өлкетанушылар қынжылыспен еске алады.

(Жалғасы 5-бетте)



АЛАЯҚТАР АЙЫЛЫН ЖИЯР ЕМЕС

Бүгінгі «Остаптар» қала аралап «гастрольдетіп» әуре болмайды. Қиырда отырып алып, қырдағы халықты ұялы телефон арқылы қан қақсата салады. Сонымен қатар ел арасында жүріп түрлі сценарий құрушылар да жеткілікті.



→ 5

САҚИНАНЫҢ СЫРЫН ҰҚҚАН ЗЕРГЕР

Икрамжан Рафиков — Қазақстан Қолөнер шеберлері одағының мүшесі. Ұлттық өнерге жанашыр көзбен қарайтын зергер бүгінде әлемнің алпауыт елдеріне қазақ әшекейлерін танытып, өзінің нағыз шебер екенін де мойындатқан.



→ 8

5 ТАМЫЗ | СЕЙСЕНБІ

СЕНАТ

ӨҢІРЛІК ДАМУҒА ТЫҢ СЕРПІН



Сенат депутаттарының ел өңірлеріне сапары жалғасуда: Наурызбай Байқадамов пен Руслан Рүстемов Қызылорда облысының Жалағаш ауданына барып, баламалы энергетика саласындағы жобалардың жүзеге асырылу барысымен танысып, ауыл тұрғындарымен кездесті.

Сенаторлар Nomad Solar ЖШС-ның күн электр стансасына барды. Нысан 164 гектар аумақты алып жатыр, оның 75 гектарына күн панельдері орнатылған. Станса 2019 жылы іске қосылған және өңірдің тұрақты дамуына үлес қосып, экологиялық таза электр энергиясымен қамтамасыз етіп келеді.

Парламент мүшелері мұндай жобалардың елдің энергетикалық тәуелсіздігін нығайтып, экологиялық күн тәртібін ілгерілету үшін маңызы зор екенін атап өтті. Сондай-ақ «жасыл» энергетиканы дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып қала беретінін жеткізді.

«Альтернативті энергетиканы дамыту — еліміздің экологиялық мақсаттарына қол жеткізу және энергетикалық қауіпсіздігін нығайту жолындағы маңызды бағыт. Мұндай жобалар өңірлердің тұрақты дамуына серпін беріп, экономика үшін жана мүмкіндіктер ашады», — деді Руслан Рүстемов.

Іссапар барысында сенаторлар ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп жүрген Таң ауылының тұрғындарымен де кездесті. Ашық диалог барысында суармалы судың жетіспеушілігі және ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу мәселелері көтерілді.

«Ауылдық аумақтарды қолдау мен өңірлердің тұрақты дамуы — Парламенттің үнемі назарында. Біз өңір халқы тап болатын түйткілдерді шешуге бағытталған бастамаларды дәйекті түрде ілгерілетіп келеміз. Тұрғындар көтерген барлық мәселе мұқият сараланып, нақты шешімдер қабылдау үшін тиісті мемлекеттік органдарға жолданатын болады», — деп атап өтті Наурызбай Байқадамов.

Сондай-ақ Парламент Сенатының депутаттары Ольга Булавкина мен Шәкәрім Бұқтұғұов Шығыс Қазақстан облысына жасаған жұмыс сапары аясында Риддер қаласына барды. Іссапар барысында олар еңбек ұжымдарымен кездесіп, құрылыс



кезеңіндегі инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалардың жүзеге асырылу барысымен танысты.

Риддер орман шаруашылығында сенаторлар жұмысшылармен жаңадан күшіне енген «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңның негізгі ережелерін, сондай-ақ орман қоры жерлерін басқару мәселелерін талқылады. Сала қызметкерлеріне көрсетілетін әлеуметтік қолдау шараларына ерекше назар аударылды.

Кездесу кезінде экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мәселелері көтерілді. Сенаторлар қоғамдық орындардағы тазалық пен тәртіп тек коммуналдық қызметтердің жұмысына ғана емес, ең алдымен әр азаматтың жеке жауапкершілігіне байланысты екенін атап өтті.

«Тазалық — бұл техника мен бақылау мәселесі ғана емес, ол — қоғамның мәдениеті, тәрбиесі мен санасының көрінісі. Бүгінде табиғатқа ұқыпты көзқарасты кішкентай кезден бастап қалыптастыру аса маңызды. Бізге тек ережелер емес, ішкі жауапкершілік те қажет. Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасы — бұл жай ғана ұран емес, бұл — кемел елдің белгісі», — деді Ольга Булавкина.

Сенаторлар сондай-ақ Montana спорт клубына барып, жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мен спортпен айналысуға жағдай жасаудың маңыздылығын атап өтті. Олардың айтуынша, қолжетімді спорт инфрақұрылымын дамыту — әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі.

Сонымен қатар депутаттар жаңадан салынып жатқан SteakKing супермаркетінің құрылысымен танысты. Сенаторлардың

Мейір ЖАСЫН



Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев «Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі Ұлттық жобаны» (ЭКСЖ) жүзеге асыруға арналған Жобалық кеңсенең отырысын өткізді. Жиында заң шығару жұмыстары, жобаны қаржыландыру, сатып алулар тәртібі, отандық өндірушілерді қолдау және цифрландыру мәселелері бойынша есептер тыңдалды.

ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР ЖАҢАРТЫЛАДЫ



Ұлттық жобаны заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысы 17 шілдеде тиісті заңға қол қойып, ол 23 шілдеден бастап күшіне енген болатын.

Бүгінде Жобалық кеңсе 669 лицензиясы бар ЕРС-мердігерлерді, 220 отандық өндірушіні және ЭКСЖ аясында қажет болатын 2,7 мың тауар позициясын сараптап шықты.

Бүгінде ұлттық жоба аясында тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға, «кілтімен тапсыруға дайын» құрылыс келісімшарттарын жасауға, жобаларды іріктеу мен мониторинг жүргізуге мүмкіндік беретін электрондық сатып алу платформасы әзірленуде. Жоба тетіктерін түсіндіру үшін «1465» нөмірі бойынша байланыс орталығы іске қосылды.

ЭКСЖ аясында пилоттық жоба ретінде 35 табиғи монополия субъектісі (ТМС) бекітілді. Тағы 22 жоба қаралу сатысында. Жыл соңына дейін 8,5 мың шақырым инженерлік желілерді жөндеу және 42 мыңнан астам жабдықты ауыстыру жоспарланған. 2026 жылға қарай 6 ТМС тозудың «қызыл» деңгейінен «орташа» деңгейіне көшіп, тозу көрсеткіші 40%-ға дейін төмендейді деп күтілуде.

Пилоттық жобаларды қаржыландыру операторлары ретінде «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ және «Қазақстанның Даму Банкі» қарастырылып отыр. Сондай-ақ бес қазақстандық банк ЭКСЖ-ге қатысуға қызығушылық білдірген. Сонымен қатар халықаралық қаржы институттарын тарту жұмыстары жалғасуда.

Мейір ЖАСЫН

КІШКЕНТАЙ ҚАДАМ ҮЛКЕН ӨЗГЕРІСКЕ БАСТАЙДЫ

Бүгінгі жаһандық экологиялық дағдарыс жағдайында әрбір қадам маңызды. Атырау қаласында алғаш рет өткен ерекше экологиялық акция — соның жарқын дәлелі. «Таза Қазақстан» жалпұылттық экологиялық бағдарламасы аясында ұйымдастырылған бұл бастама — қоршаған ортаны қорғауға бағытталған тың тәсілдердің бірі болды.

Баян ЖАНҰЗАҚ, Атырау облысы



келтіріп жатқан зияны артып келеді. БҰҰ деректеріне сүйенсек, әлемде жылына 400 миллион тоннадан астам пластик өндіріледі, оның 9 пайызы ғана қайта өңделеді екен. Қазақстан үшін де бұл мәселе өзекті. Осындай жергілікті бастамалар арқылы ғана жаһандық проблемаларға нақты шешім ұсынуға болады.

Бұл — қарапайым азаматтардың, ата-аналардың, балалардың және жергілікті әкімдіктің бірлескен еңбегінің нәтижесі. Экология — тек экологтардың мәселесі емес, әрбір азаматтың саналы тандауына байланысты. Атыраулықтардың бұл бастамасы басқа аймақтарға үлгі болары сөзсіз.

Экология жанашыры, химия саласының маманы Әсел Ондашованың айтуынша, экологиялық тәрбиені тұтас қоғамда қалыптастырудың маңызы ерекше.

«Пластик — адамзат өмірін айтарлықтай жеңілдеткен материал. Алайда оның зияны — бүгінгі экологиялық дағдарыстың негізгі себептерінің бірі. Әсіресе, күнделікті өмірде көп қолданылатын пластикалық бөтелкелер қоршаған ортаға аса үлкен қауіп төндіріп отыр. Арзан әрі ыңғайлы болғанымен, бұл тұрмыстық қалдық табиғатқа ұзақ жылдар бойы зиян келтіріп, экожүйелердің бұзылуына әкеледі. Мәселен, пластик бөтелкелердің ыдырау мерзімі 450 жылдан асады. Табиғатта өздігінен жойылмайтын бұл қалдықтар ғасырлар бойы топырақта, су қоймаларында, теңіздер мен мұхиттарда сақталып, тірі организмдерге қауіп төндіреді. Пластик бөтелкелер мен басқа да қалдықтар көбіне суға тасталады немесе желмен теңізге жетіп, балықтар мен теңіз жануарларының өліміне себеп болады. Жыл

айтуынша, бұл жоба шағын және орта бизнесті дамытуға серпін беріп, өңірдегі тұтынушылық инфрақұрылымды кеңейтуге үлес қосады.

Сапардың негізгі нүктелерінің бірі — көпбейінді аурухана кешенінің құрылыс алаңына бару болды. Медициналық мекеменің қаржыландырылуы, жабдықталуы және құрылыстың аяқталу мерзімі талқыланды.

Парламентшілер бұл нысанның іске қосылуы Риддер және жақын маңдағы елді мекен тұрғындары үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын едәуір арттыратынын айтты.

«Біз еліміздің өңірлерінде, соның ішінде Риддер қаласында азаматтарымыздың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған нақты жобалардың іске асып жатқанын көріп отырмыз. Мұндай сапарлар халықтың пікірін тікелей естіп, шешуді қажет ететін мәселелерді нақтылап, заң шығару және өкілдік қызметіміз аясында нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді», — деді Шәкәрім Бұқтұғұтов.

Мейір ЖАСЫН

БАҒДАР

5 ТАМЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ

ӘР ІС – ХАЛЫҚ АМАНАТЫНА ЖАУАП

Қазақстандағы саяси партиялардың рөлі мен қоғам алдындағы жауапкершілігі күн санап артып келеді. Қазір партиялар халықтың нақты сұранысына сай, жүйелі әрі нәтижеге бағытталған жұмыс істеуге көшті. Бұл үдерісте елдегі жетекші саяси ұйым – «AMANAT» партиясының атқарып отырған жұмысы ерекше назар аударуға тұрарлық. Партияның қарағанды облыстық филиалы осы бағытта қандай жұмыстар атқарып жатыр? Партиялық жауапкершілік, мәслихаттағы фракция рөлі мен өңірлік жобалардың тиімділігі жайында «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков айтып берді.

— Қазіргі Қазақстандағы саяси партиялардың қоғам алдындағы жауапкершілігі мен рөлі қалай өзгерді? Осы орайда «AMANAT» партиясының қазіргі қызметі мен ұстанымдары нені білдіреді?

— Қазақстандағы саяси партиялардың рөлі мен жауапкершілігі айтарлықтай өзгерді. Бұрын олар тек сайлау қарсаңында белсенділік танытса, қазір халықтың саяси талғамы мен сұранысына сай тұрақты жұмыс жүргізуге мәжбүр. Қоғам үзде емес, нәтиже күтеді. Саяси реформалар партияаралық бәсекені жаңа деңгейге көтеріп, өзекті мәселелердің Парламент пен мәслихат арқылы шешілуіне жол ашты. Бұл партиялардың нақты нәтижеге бағытталуына себеп болды.

Осындай өзгерістер аясында елдегі жетекші саяси күш — «AMANAT» партиясының қызметі де жаңаша сипат алды. Партия бүгінде Асан қайғының жеруіығы, әл-Фарабидің ізгі қоғамы, Абайдың «Толық адам» концепциясы, ағартушы Алаш зиялыларының мұраттарын басты бағдар

ретінде ұстанып, сол идеяларды заман талабымен үйлестіре отырып ілгерілетіп келеді.

«AMANAT» партиясы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашылық еткен саяси-экономикалық реформаларды табысты жүзеге асыруға белсене атсалысып отыр. Бұл — партияның қоғам мен мемлекет игілігі жолындағы нақты іспен дәлелденген жауапкершілігінің көрінісі.

— Партияның идеологиялық бағыты қандай? Осы құндылықтар Қарағанды облыстық филиалының жұмысында қалай көрініс тауып отыр?

— Партияның идеологиялық бағыты — әділеттілік, бірлік және жауапкершілік принциптеріне негізделді. Бұл құндылықтар азаматтардың әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізу және елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету жолында нақты әрекеттер арқылы көрініс табады. Партияның әрбір жобасы мен бастамасы халықтың сұранысына жауап беріп, ел бірлігі мен мемлекет тұтастығын нығайтуға бағытталған.

Халық сеніміне ие болу — нәтижелі іс, аманатқа адалдық арқылы ғана мүмкін болмақ. Партияның сайлауалды бағдарламасы негізінде әзірленген ұзақмерзімді Жол картасы бар. Қарағанды филиалының да негізгі жұмыс бағыты осы Жол картасында қамтылған міндеттерді сапалы орындауға лайықталды және ауқымды жұмыстар атқарылды.

— Осы Жол картасының облыста орындалуы қалай?

— Мәселен, сол Жол картасында 2024 жылға жоспарланған 137 тармақтың 115-і мерзімінде орындалып (84%), 6 тармақ (4%) орындалып жатыр (оның да 3-еуі орындалды). Әртүрлі себеппен, 16 бағыт бойынша белгіленген (12%) міндеттер орындалмады. Мезгілінде орындалмаған тармақтардың себептері анықталып, бұл мәселе облыс әкімінің қатысуымен 2025 жылы 11 наурызда өткен кеңейтілген отырыста таразыланып, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар берілді.

Облыстық филиал жергілікті бюджеттің жасакталуынан бастап, оның сапалы орындалуына дейінгі кіріс-шығыс қозғалыстың барлығына қатысады десек, артық айтпаған болар едік. Әсіресе, ірі жобаларға бөлінген мемлекет қаржысының әр тиыны — партия бақылауында. Есепті кезеңде партиялық бақылау комиссияларының 110 отырысы өткізіліп, 334 ұсыныс берілді. Жол картасының нысандарына 120 рейд жүргізіліп, 27 нысан партиялық бақылауға қойылды.

— «AMANAT» партиясының жергілікті мәслихаттардағы фракциялары қандай рөл атқарып отыр?

— Партияның мәслихаттардағы фракциялары халық пен билік арасындағы маңызды дәнекерге айналды. Олар 365 ұсыныс енгізіп, оның 98 пайызы (359-ы) орындалды. Бұл — нақты нәтижеге негізделген белсенді жұмыстың көрсеткіші.

2022 жылы партия құрылымында жүргізілген реформалар кезінде жергілікті әкімдер партия филиалдарын басқарудан бас тартқан еді. Сол сәтте партияның беделі әлсірейді деген пікірлер айтылғанымен, «AMANAT» өз миссиясын жоғалтпай, халық сенімін арттыра түсті.

Қарағанды облыстық филиалының бастамасымен бірқатар іргелі шара өтті: облыс әкімінің қатысуымен ұйымдастырылған депутаттар форумы, «Ашық есік» күні, ауыл әкімдерінің форумы, жастар слеті, «Ауыл аманаты» жобасы аясындағы семинарлар — бәрі де қоғамдық диалог пен нақты істерге негізделген тиімді алаңға айналды.

Сонымен қатар партияішілік бәсекені арттырған «Үздік қоғамдық қабылдау бөлмесі» мен «Үздік бастауыш партия ұйымы» байқаулары құрылымдардың белсенділігін күшейтті.

Партияның «Ардагерлерді ардақта-йық», «Бақытты отбасы», «Кедергісіз

келешек», «Кітап — AMANAT», «Ұлттық мұра», «Қарызсыз қоғам» сияқты жобалары да нақты нәтижеге жұмыс істеп келеді. Мәселен, 1 237 іс-шара ұйымдастырылып, 13 мыңнан астам адам қамтылған. «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында 11 285 адам қаржылық сауат ашу курсынан өтті. Ал «Құқықтық көмек» жобасы бойынша 539 азамат тегін кеңес алды.

— Әділдік пен ашықтықты қамтамасыз ету арқылы халық сенімін арттыру бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?

— Облыстық филиал жалған есепке жол бермей, істелген жұмыстарды ашық түрде, әлеуметтік желілер мен жергілікті БАҚ арқылы тұрақты жариялап келеді. Мәселен, биыл Қарағанды облысында Спасск оқу-жаттығу алаңында Qaisar патриоттық ойындары өтті. Оған Мәжіліс Төрағасы, «AMANAT» партиясының жетекшісі Ерлан Қошанов қатысты. Әйелдер қанаты аясында бірнеше меморандумға қол қойылып, форумдар мен қайырымдылық акциялары ұйымдастырылды. «Балана уақыт арна» акциясы шеңберінде 4 мекеме сертификат алды. Президент бастамасымен қолға алынған «Әкімдер мектебі» жобасы аясында Қарағанды облысындағы 157 ауылдық округ әкімінің 128-і оқудан өтті. Нәтижесінде, жалпы құны 25,6 млрд теңгені құрайтын 804 перспективалық инвестициялық жоба ұсынылды. Бұл жобалар 4 671 жаңа жұмыс орнын құрып, 16 444 үй шаруашылығын экономикалық белсендікке тартуды көздейді. Сонымен қатар облыстық филиал жанындағы 9 аймақтық кеңес белсенді жұмыс жүргізіп, басқарма басшыларының баяндамаларын тыңдап, нақты ұсыныстар енгізіп келеді.

— Рәкмет!

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

АУЫЛҒА ҚАДАМ – ЖАҢА ӨМІР БАСТАУЫ

Батыс Қазақстан облысындағы Казталов ауданының Жалпақтал ауылында өңір басшысы Нариман Төреғалиұлының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Қаладан – ауылға» бағдарламасы аясында қаладан көшіп келген медицина саласы мамандарына тұрғын үй кілттері салтанатты түрде табысталды. Аталған іс-шараға БҚО әкімінің орынбасары Тлепберген Каюпов, Казталов ауданының әкімі Асланбек Сарқұлов, облыстық Қаржы басқармасының басшысы Нұрлан Есенғалиев, облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Мадияр Өтешев, облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бәкберген Абуов, ардагерлер, денсаулық сақтау саласының мамандары және ауыл тұрғындары қатысты.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Салтанатты жиында БҚО әкімінің орынбасары Тлепберген Каюпов жобаның маңыздылығына тоқталып, ауылға келіп еңбек етіп жатқан мамандарға алғысын білдіріп, қуаныш иелеріне тұрғын үйлердің кілтін табыстайды.

— Мемлекет басшысының ауылдарды дамыту жөніндегі тапсырмаларын жүзеге



асыру аясында өңірімізде 2024 жылы облыс әкімі Нариман Төреғалиұлының бастамасымен «Қаладан – ауылға» жобасы іске қосылды. Жобаның негізгі мақсаты — қалада тұратын ауыл азаматтарын туған ауылына қайта оралту арқылы ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру, кадр тапшылығы мәселесін шешу. Аталған жоба аясында былтыр облыс бойынша 42 тұрғын үй берілсе, биылғы жылдың басынан бері 16 баспана сатып алынды. Бұл — ауылдағы инфрақұрылымды дамыту мен сапалы адам ресурстарын тартудағы жүйелі қадамдардың нақты нәтижесі. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табатын болады, — деді облыс әкімінің орынбасары.

Жалпақтал ауылындағы баспаналар Ақтөбе қаласындағы М.Оспанов атындағы медицина университетін тәмамдаған жалпы тәжірибелі дәрігер Асылзада Құмарға,

Қызылорда облысы Байқоңыр қаласынан келген реаниматолог-анестезиолог Асылхан Шакизадаевқа, Тараз қаласынан келген акушер-гинеколог Мөлдiр Ибрагимоваға, Қостанай облысы Денисов ауданынан келген жалпы тәжірибелі дәрігер Ерболат Босынбековке берілді.

Былытұрғы жылдың қорытындысы бойынша, жоба аясында Казталов ауданына 19 отбасы немесе 106 адам ауданға қоныс аударған. Ауданға көшіп келген 2 отбасында нәресте дүниеге келді. Көшіп келген отбасылардың 18-іне жаңа баспана, 1 отбасына ауыл тұрғындарының көмегімен жөнделген үй берілді. Барлығы тұрғын үй кезегіне қойылып, ресми тіркеуден өткізілді.

Биыл «Қаладан-ауылға» өңірлік жобасы аясында табысталып отырған Жалпақтал ауылындағы алғашқы баспаналардың құрылыс жұмыстарын мердігер, жеке кәсіпкер Асхат Жұманов жүргізді.



2025 жыл – елімізде «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланып, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне тың серпін әкелді. Бұл бастама жұмысшы кадрлардың мәртебесін арттырып қана қоймай, сұранысқа ие мамандықтарды таңдауға жастардың қызығушылығын еселеп отыр. Аталған жылдың аясында ел бойынша өндіріс орындары мен оқу орындарының серіктестігі тереңдеп, жаңа мүмкіндіктер көкжиегі кеңейе түсті. Осы орайда, Шымкент қаласындағы жарты ғасырлық тарихы бар Жол-көлік колледжінің жетістігі – осы игі бастаманың жарқын көрінісі.

САПАЛЫ МАМАН – СЕНІМДІ КӨЛІК



Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Қазір еліміздегі техникалық білім беру саласында алдыңғы қатардан табылатын бұл колледж көлік жөндеу, автоэлектрика, сервистік қызмет көрсету сияқты заманауи бағыттағы мамандарды даярлауда тәжірибесі мол оқу орны. Колледж базасында жанартылған шеберханалар, заманауи құрал-жабдықпен жабдықталған гараж кешендері бар. Бұл жерде студенттер теориялық біліммен қатар, нақты өндірістік ортада да тәжірибеден өтеді.

Колледждің оқу-өндірістік шебері Киелібек Жүнісовтің айтуынша, соңғы жылдары техникалық бағытта бет бұрған жастардың қатары арта түскен. Себебі көлік саласы үнемі жанарып, кәсіби қызметкерлерге деген сұранысы азаймайтын сала.

— Бүгінде елімізде әр отбасыда кемінде бір көлік бар. Жаңа маркалар — Toyota, Hyundai, KIA, әсіресе кытайлық автокөліктер қарқынды еніп жатыр. Демек, оларды сапалы жөндеуден өткізу үшін жоғары деңгейдегі мамандар қажет. Президенттің жұмысшы мамандықтарға көңіл бөлуі — осы саладағы кадр даярлығына серпін берді, — дейді Киелібек Жүнісов.

Колледжде бүгінде үш мыңға жуық студент білім алуа. Жаз мезгілінде жастар түрлі сервистік орталықтарда тәжірибе жинақтап, нақты кәсіптің қыр-сырын меңгереді. Осы бағытта колледж бен өңірдегі жетекші автосалондар мен сервистер арасында тұрақты серіктестік байланыс қалыптасқан. Соның бірі — ROYAL MOTORS автосалоны. Бұл орталық жыл сайын Жол-көлік колледжінің студенттерін өндірістік тәжірибеге қабылдайды. Автосалонның жетекшісі Бағлан Көпбаев қазіргі нарықта қолынан іс келетін маманның мәртебесі жоғары екенін айтады.

— Бүгінде білімді ғана емес, тәжірибелі, жаңа техниканы игере алатын мамандар ауадай қажет. Біз колледжбен бірнеше жылдан бері тығыз жұмыс істейміз. Тәжірибеден өткен көптеген студент бүгінде біздің тұрақты қызметкерімізге айналды, — дейді ол.

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында көлік саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған арнайы іс-шара да жоғары деңгейде өтті. Шара барысында жас мамандар мен ардагер ұстаздар бас қосып, тәжірибе алмасты. Кәсібіне адал мамандар арнайы марапаттарға ие болды. Бұл — бір жағынан ынталандыру, екінші жағынан жастарды мамандыққа деген сүйіспеншілікке баулудың көрінісі.

ҚОҒАМ

5 ТАМЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ

КӨКЕЙКЕСТІ

СУДЬЯЛАР СҮЗГІСІ: КІМГЕ ЖОЛ АШЫҚ?

Мемлекет басшысының маңызды реформаларының лайықты жүзеге асуы, халықтың билікке деген сенімінің артуы, жалпы Әділетті Қазақстанның орнауы заманауи билердің жоғары жауапкершілігіне, кәсіби біліктілігіне, парасаты мен адалдығына байланысты. Судьялар мемлекетіміздің заңнамалық базасын қалыптастыратын және адам тағдырына әсер ететін шешім қабылдайды, әділдікті жүзеге асыра отырып, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғайды. Бұл тұрғыда сот қатарын ісі адал емес, ниеті қарау жандардан тазалау маңызға ие.

Бұл «Заң мен Тәртіп» қағидатының басты бір шарты саналады. Заң үстемдігін қамтамасыз ету міндетін абыроймен атқара алмағандарға, заңға адал болмағандарға әділ төрелік саласында орын жоқ. Бұл тұрғыда біраз жұмыс істеліп жатыр. Дегенмен қазіргі билер қатарынан шеттетілгендер қайда баралды? Соңғы екі жыл бойы депутаттар мен сарапшылар арасында сот қызметінен аласталған судьяларға құқық қорғау органдарына және мемлекеттік қызметке жұмысқа орналасуға рұқсат ететін заң жобасы айналасында қызу талқылау өрбіген еді. Құжат Мәжілістегі талқылау кезінде «Кейбір заңнамалық актілерге оларды Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы» деп аталды. 2024 жылғы 11 желтоқсаннан кейін Сенатта қарау барысында атауы «Кейбір заңнамалық актілерге мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп өзгертілді және Парламент акыры оны осы атаумен қабылдады.

Заң жобасы Конституциялық соттың 2023 жылғы 6 наурыздағы №4 нормативтік қаулысын жүзеге асыру мақсатында әзірленген. Мәселе, мемлекеттің теріс себептермен қызметтен шығарылған судьяны қызметке қайта қабылдауға қатысты. «AMANAT» фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Үнзила Шапактың дерегі бойынша соңғы бес жылда 40 судья теріс себептермен сот жүйесінен босатылды. — Олар сот этикасына қайшы келетін немесе сот төрелігін жүзеге асыру кезінде заңды өрескел бұзған, өз атына нұқсан келтіретін әрекеттер жасаған судьялар. Заңда теріс себептермен қызметтен шығарылған бұрынғы судьяларды 2 жыл өткен соң мемлекеттік қызметке қабылдау мүмкіндігі қарастырылды. Ал



бұған дейін колданыста болған заңнама бойынша қызметінен шығарылған судьялар құқық қорғау, әскер және арнаулы мемлекеттік органдар секілді мемлекеттік қызмет түрлеріне мүлдем, өмір бойы кіре алмайтын. Осыған орай сұрақтар туындады, — деді депутат Ү.Шапак.

Қалаулылар мен сарапшылар: «мұндай судьяларға екі жылдан соң құқық қорғау қызметіне кіруге рұқсат беру қаншалықты дұрыс? Әлде, колданыстағы заңдарда көрсетілгендей өмір бойына тыйым салуды сақтау керек пе?» деген сауалды талқыға салған.

Бас прокурордың орынбасары Әсет Шыңдалиевтің түсіндіруінше, сөз болып отырған құжатта теріс қылық жасаған бұрынғы судьялардың 2 жылдан кейін мемлекеттік қызметке қайта кіре алатыны, яғни шенеунікке айнала алатыны көзделген. Әйткенмен, олардың құқық қорғау, әскери қызмет және арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке тұруы қаншалықты дұрыс?

— Негізі, бұл органдарда кандидаттарға қатаң талаптар қойылады. Сондықтан аталған экс-судьялар құқық қорғау органдарына қызметке тұра алмағаны жөн. Теріс қылықтары үшін жұмыстан шығарылған судьялар құқық қорғау органдарында жұмыс істеуге лайық емес! Сотта дұрыс шешім қабылдамаған, біліксіз судья жұмыстан шығарылғаннан кейін басқа құқық қорғау органдарында

Теріс қылықтары үшін судьялықтан шеттетілген бұрынғы судьялар сияқты кәсіби жарамсыз деп танылғандарды да ең құрыса 2 жыл мерзімге мемлекеттік және құқық қорғау қызметінен аластау керек: екі жыл адвокат, не заң кеңесшісі болсын, білімін, кәсіби деңгейін шыңда-сын, содан кейін мемлекеттік қызметке барсын.

дұрыс жұмыс істейтініне ешкім кепілдік бере алмайды, — деді Әсет Шыңдалиев.

Бірақ Конституциялық соттың шешімі орындалуға міндетті және қайта қарауға жатпайды. Парламент тек заңда оралу мерзімін белгілей алады. Төл нормативтік қаулысында Конституциялық сот теріс себептермен лауазымнан босатылған судьяның басқа салада, соның ішінде құқық қорғау қызметінде өзінің конституциялық еңбек құқығын жүзеге асыра алатынын белгіледі.

Судьяны жұмыстан босатуға негізінен жұмысқа жарамсыздығы және тәртіптік теріс қылық жасағаны себепші болады екен. Бірақ кәсіби жарамсыздығына қарағанда теріс қылық жасағаны үшін жауапкершіліктің ауыр екенін ескеріп, Парламент екі жылдық шектеу коюды ұсынды. Кәсіби жарамсыздар бірден жұмысқа тұра алады.

«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Бакыт-

жан Базарбек те заң жобасындағы сондай түйтілгіге екпін түсірді: «Конституциялық сот қаулысына сәйкес, енді судьялықтан шеттетілген судьялар кез келген жерде еңбек ету бостандығына ие. Бұл заң бойынша бұдан былай қызметінен шеттетілген судьялар бірден мемлекеттік қызметке алынады. Қоғамда сот шешімдеріне, сот жүйесіне, сот төрелігіне қатысты өзекті мәселелер туындап жатқанын білесіз. Мұны қоғам қалай қабылдайды? Кәсіптік жарамсыздығы үшін судьялықтан шеттетілгендерді не себептен бірден мемлекеттік қызметке алуымыз керек?», — деді Б.Базарбек.

Оның пайымдауынша, теріс қылықтары үшін судьялықтан шеттетілген бұрынғы судьялар сияқты кәсіби жарамсыз деп танылғандарды да ең құрыса 2 жыл мерзімге мемлекеттік және құқық қорғау қызметінен аластау керек: екі жыл адвокат, не заң кеңесшісі болсын, білімін, кәсіби деңгейін шыңдасын, содан кейін мемлекеттік қызметке барсын. Бірден мемлекеттік қызметке алған орынды ма?

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай депутаттардың бұл ұсынысын орынды санайтынын жеткізді. Десек те, барлығы конституциялық бақылау органының қорытынды шешімдерін мүлтіксіз орындауға міндетті.

«Конституциялық сот отырысында біз өз уәжімізді айтқан болатынбыз. Кәсіптік жарамсыздығы үшін шеттетілген судьялардың мемлекеттік қызметке

келіп жұмыс істеуіне конституциялық шектеу жоқ. Конституциялық соттың қаулысына сай, біз осы мерзімді оларға енгізе алмай отырмыз. Мәселе өте орынды. Бірақ біз бұл шешімнен аттап шыға алмаймыз», — деп ашығын айтты агенттік басшысы.

Қалай болғанда, ел Парламенті қабылдаған «Кейбір заңнамалық актілерге мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы биылғы жылы күшіне енді. Оған Парламент 2025 жылғы 19 мамырда өзгерістер де енгізіп үлгерді.

Сонымен, жаңа заңға сәйкес, колданыстағы «Құқық қорғау қызметі туралы» заңының 6-бабының 9) тармақшасы мына мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылды: «Осы тармақшаның бірінші бөлігінің күші теріс себептермен қызметтен шығару және өкілеттігін тоқтату бөлігінде: Жоғарғы сот жанындағы Сот төрелігінің сапасы

жөніндегі комиссияның кәсіптік жарамсыздығына қарай атқаратын лауазымына сай келмеуі туралы шешімінің негізінде судья өкілеттігін тоқтатқан; қатарынан үш және одан да көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметте болмауына байланысты қызметтен шығарылған адамға қолданылмайды, ол адам осындай шығарудан кейін 2 жыл өткен соң құқық қорғау қызметіне кіруге құқылы», — деп жазылған.

Ұқсас өзгерту «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңында енгізілді. Тиісінше, аталған экс-судьялар осындай шығарудан кейін екі жыл өткен соң әскери қызметке кіруге құқылы. Ішкі істер органдарында лауазым иеленемін десе де тосқауыл жоқ.

Бірақ конституциялық бақылау органының шешімін Парламентте талқылау барысында бір ымыра табылды. Мысалы, теріс қылығы үшін жұмыстан аласталған судья ҰҚК сияқты арнаулы органға жұмысқа тұра алмайды. Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» заңының 7-бабында арнаулы мемлекеттік органдарға «судья өкілеттігін теріс себептермен тоқтатқан адам қабылданбайды» деп жазылды.

Сонымен бірге, жаңа заң бойынша осы тармақшаның бірінші бөлігінің күші теріс себептермен қызметтен шығару және өкілеттігін тоқтату бөлігінде: Жоғарғы сот жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның кәсіптік жарамсыздығына қарай атқаратын лауазымына сай келмеуі туралы шешімінің негізінде судья өкілеттігін тоқтатқан; қатарынан үш және одан да көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметте болмауына байланысты қызметтен шығарылған адамға қолданылмайды, ол адам осындай шығарудан кейін 5 жыл өткен соң арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кіруге құқылы.

Депутаттар бұл заңды «бұрынғы судьяларға рақымшылық заңы» деп те атайды. Алайда рақымшылық бәріне бірдей таралмайды. Сенаттың түсіндіруінше, сөз болып отырған заң Жоғарғы сот жанындағы комиссия «кәсіптік тұрғыдан жарамсыз және атқаратын лауазымына сай келмейді» деп танып, өкілеттігін тоқтатқан, сондай-ақ дәлелді себепсіз біраз уақыт жұмысқа шықпай қойғаны үшін қызметтен шығарылған бұрынғы судьяларға ғана құқық қорғау органдарына, ҰҚК, ПІМ-ге, Бас прокуратураға және мемлекеттік қызметке жұмысқа тұруына жол ашады.

Бұрын оларға да осы тұрғыда мерзімсіз тыйым қолданылып келді. Депутаттардың айтуынша, қылмыстық теріс қылық жасағаны, сыбайлас жемқорлық қылмысқа барғаны, басқа да қылмыстарға қолы мен арын былғағаны үшін заманауи билер қатарынан қуылған бұрынғы судьялар бұл қызметтерге сол бұрынғыдай алынбайды.

Елдос СЕНБАЙ

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ

Халқымызда «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген тәмсіл бар. Бұл – тек отбасы тәрбиесіне емес, тұтас қоғамның тұрақтылығына да қатысты ұғым десек қателеспейміз. Өйткені қоғамдық келісім мен құқықтық тәртіпсіз елдің даму даңғылы да бұлыңғыр болмақ. Осы орайда Ақмола облысында қолға алынған «Зиялы қауым» бағдарламасы – ұлттық құндылықтар мен заманауи қоғамдық қауіпсіздік тетіктерін біріктірген тың бастамаға айналғанын атап өткен жөн. Жоба шеңберінде жергілікті елді мекендер мен ауыл-аймақтарда құрылған қоғамдық кеңестер мен полицияның үйлесімді әрекетінің арқасында қоғамда тыныштық орнап, қылмыстық оқиғалар мен бұзақылықтардың саны айтарлықтай азайып отыр...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Аталған жоба ел ішіндегі құқық-бұзушылықтардың алдын алуға, ауылдық жерлердегі қоғамдық тұрақтылықты нығайтуға, сонымен қатар полиция мен халық арасындағы сенімді байланысты барынша нығайтуға бағытталыпты.

ДӘСТҮР МЕН ЗАМАНА ҮНДЕСТІГІ

Қазақ қоғамында ел ішіндегі даудай, жанжалдарды шешу, тәртіп орнату – ежелден сөзге тоқтай білетін ақсақалдар мен би-шешендердің еншісінде болғаны белгілі. Осы дәстүр бүгінгі күні «Зиялы қауым» жобасы арқылы жаңаша мазмұнмен қайта жанданып отыр.

Полицияның ұсынған ресми деректеріне сенсек, 2023 жылы бастау алған бұл бастама ауыл тұрғындарын құқық қорғау жүйесіне серіктес ретінде тартуға негізделген. Бағдарламаның өзегі – азаматтық жауапкершілікті арттыру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және заң талаптарын ұстанатын салауатты қоғам орнату осы жобаның ең негізгі басымдығы болса керек.

Жоба аясында бүгінде Ақмола облысының барлық өңірінде 138 қоғамдық кеңес құрылған. Олардың құрамына 840-қа жуық белсенді азамат, олардың қатарына кезінде ел тұтқасын ұстаған белгілі ардагерлер, ұстаздар, кәсіпкерлер мен діни жетекшілер еніпті.

Облыстық полиция департаментінің ресми өкілі Гүлнәр Пинчуктың айтуынша, қоғамдық кеңестер тек кеңес берумен шектелмейді. Олар нақты жұ-

мыс атқарып отыр. Атап айтқанда, ауылдардың тентегі мен телісін тыю, ішімдікке тәуелділікті азайту, тұрмыстық жанжалдардың алдын алу, жастармен тәрбиелік насихат жүргізу, полициямен тығыз байланыста әрекет ету – бұл қоғамдық құрылымдардың негізгі бағыт-бағдарына айналған. Жоба басталғалы ол көп күттірместен өзінің оң нәтижесі көрсетіп жемісін де берген.

— Өңірге қатысты аудандардың бәрінде дерлік «Зиялы қауым» жобасы негізінде құрылған қоғамдық кеңестермен үздіксіз жұмыстардың арқасында қоғам арасында қылмыстардың саны біршама азайып, құқықбұзушылықтар тыйыла бастады. Мәселен, осы уақыт ішінде 98 ауылда бірде-бір қылмыс тіркелмеген. 31 елді мекенде ішімдік ішу деректері мүлдем жойылған. Бұл полиция мен халық ішінен құрылған қауымдастықтың бірлескен жұмысының нақты жемісі, — дейді Ақмола облысы Полиция департаментінің ресми өкілі Гүлнәр Пинчук.

ӘКІМ КЕҢЕСШІЛЕРІ — ТИІМДІ ҮЙЛЕСТІРУШІ

Ішкі істер министрлігі жариялаған «Профилактика жылы» аясында Ақмола облысының әкімдігі барлық аудан әкімдіктерінде қоғамдық кеңесшілер лауазымын енгізген. Кеңесшілер – жергілікті жердегі қауіпсіздік, құқықтық тәртіп, тұрғындармен өзара байланыс және профилактикалық шараларды үй-



лестірумен айналысады. Полицияның мәліметінше, дәл осы құрылым билік пен халық арасындағы байланысты нығайтып, ел ішінде тарала бастаған өзекті мәселелерді ерте анықтап, жедел шешуге жол ашқан.

Сонымен жүргізілген жұмыстардың нәтижесін білу үшін статистиканы сөйлетсек, 2023 жылдан бері ғана облыс аумағында құқықбұзушылықтар саны 2 311-ден 1 811-ге дейін яғни 21,6%-ға азайса, жалпы қылмыстар – 2050-ден 1 428-ге дейін немесе шамамен 30,3 пайызға кемігені байқалған. Сондай-ақ ауыр қылмыстар саны 501-ден 363-ке дейін қысқарып 27,5 пайызға дейін күрт төмендегені анықталды. Ал аса ауыр қылмыстар саны 48-ден 23-ке дейін нақтырақ айтқанда 52,1 пайызға дейін, яғни тең жарымнан астамға қысқарғаны мәлім болды.

Сонымен қатар ел ішіндегі бұзақылық оқиғалар 23,5 пайызға, ұрлық – 30,2

пайызға, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру 23,5 пайызға дейін төмендеген. Бұл құрғақ статистика ғана емес. Әрбір көрсеткіштің артында бүтін бір ел тыныштығының, азаматтар қауіпсіздігінің көрінісі жатыр десек қателеспейміз.

Осылайша, «Зиялы қауым» – құқық қорғау органдарының ғана емес, тұтас азаматтық қоғамның бірлесе әрекет етуіне жол ашқан жобаға айналған. Жаңа жобаның нәтижесінде адам саудасы, діни экстремизм, тұрмыстық зорлық-зомбылық, есірткі бизнесі секілді ішкі қауіптерге қарсы тұруда мұндай қоғамдық серіктестік маңызы аса зор болары сөзсіз.

Жоба халықтың құқықтық сауатын арттырып, қоғамдағы заңға деген құрметті жаңа деңгейге көтере берері анық. Бұл – құқықтық мемлекеттің берік іргетасын қалауға қосылған сүбелі үлес те болмақ.

АЙМАҚ

5 ТАМЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ

ӨЗЕКТІ

ЭЛЕКТРВЕЛОСИПЕД – УРБАНИЗАЦИЯ ТАЛАБЫ

Кейінгі кездері Алматыда мопед тізгіндеушілер саны едәуір азайған. Оған басты себеп – жаңа заңның күшіне енуі. Осыған дейін тиісті орган өкілдері мопедтің тіркеу нөмірі болуы қажет екенін міндеттеген еді. Ереже қолданысқа енгелі бері біршама курьер мопедті тастап, электрвелосипедке ауысқан.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

БАСҚАРУ ЖЕҢІЛ ӘРІ ҚҰНЫ АРЗАН

Бүгінде қалада электрвелосипедке сұраныстың артқаны байқалады. Әсіресе, курьерлердің аталған көлік түріне ауыса бастауының да өзіндік себебі бар. Өйткені электрвелосипедтің бағасы салыстырмалы түрде арзан әрі құжат рәсімдеуді қажет етпейді. Осыған байланысты біз де көлік түрін сатумен айналысатын бірқатар дүкенге хабарласып көрдік. Олар көлік жүргізушілері арасында электрвелосипедке деген сұраныс көбейгенін растады.

— Бізге жалға алу немесе сатып алу бойынша жүгінетіндердің көбі — дәл осы курьерлік қызметте істейтін жастар. Расында, заңнамалық өзгерістерден кейін мопедке деген сұраныс біршама төмендеді. Ал электрвелосипедті басқару жеңіл әрі сатып алу құны да арзан, — деп жауап берді дүкен сатушыларының бірі.

Қазір Алматыдағы электрвелосипедтердің бағасы шамамен 75 мың теңгеден басталады. Бір ескеретін жайт, бұл — OLX сайтында жарияланған ұсыныстардың ең төменгі көрсеткіші. Бұл қатарға кіретін электрвелосипедтер көбіне осыған дейін қолданыста болған немесе кейбір бөліктері

қайта ауыстыруды қажет етеді. Ал жана, сенімді брендтердің орташа бағасы 300 мың теңгеден бастап 1,5 млн теңгеге дейін барады. Олардың арасында премиум үлгілер мен жиналмалы жаңа модельдер де бар.

15 МЫҢНАН АСТАМ МОПЕД ТІРКЕЛГЕН

Жаңа талап енгізілгелі бері бір айға жуық уақыт ішінде Алматы қаласында мопед жүргізушілеріне қатысты 2 600-ден астам жол қозғалысы ережесін бұзу дерегі тіркелген. Онымен қоса, 800-ден астам мотокөлік мамандандырылған айыппұл тұрағына қойылыпты.

Алматы қаласы Полиция департаментінің берген мәліметіне сүйенсек, қазір қалада мопед тізгіндеушілердің 90 пайызға жуығы тіркеуден өткен, яғни 15 мыңнан астам мопед заңды түрде пайдаланылады. Мамандардың сөзінше, мопед санының азайып, электрвелосипедшілердің артуы жол апаты көрсеткішінің төмендеуіне әсер еткен. Урбанистер де қала ішінде электрвелосипедпен жүру ыңғайлы әрі экологиялық тұрғыда тиімді екенін айтып отыр.

— Иә, мопед жүргізушілерінің саны Алматы қаласында едәуір азайды. Бұл — біздің бастамамызбен заңға енгізілген міндетті тіркеу жөніндегі өзгерістердің нақты нәтижесі. Осы өзгерістер күшіне енгеннен кейін көп курьер электрвелоси-

педке ауысты. Бұл тенденция қаладағы қозғалысты ретке келтірді. Бұрынғыдай бейберекет жол ережесін жиі бұзатын мопед ағыны төмендеді. Қала көшелеріндегі ахуалға қарап, мопедтер айтарлықтай азайғанын және қозғалыстың біршама қауіпсіз болатүскенін байқауға болады. Сәйкесінше, жол-көлік оқиғаларының жалпы саны мен ауырлығы да төмендей бастады. Бұл — мопед иелерінің азаюымен қатар, тіркеу мен бақылау күшеюінің оң әсері. Қалалық ортада осындай жеңіл әрі қауіпсіз көлік түрлерінің көбеюі — қазіргі урбанизация мен мобильділіктің тиімді бағыты, — деді урбанист Гүлмира Байғабұлова.

ТИІСТІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚАЖЕТ

Дегенмен курьерлер электрвелосипедке ауысқанымен, қалада инфрақұрылым әлі де жеткіліксіз екенін атап өткен жөн. Бұл жағдай жолдағы қауіпсіздік мәселесін шешудің орнына жана проблема туындатпай па? Маманнан сұрап көрдік.

— Электрвелосипед саны артқанымен, оларға арналған инфрақұрылым, соның ішінде веложолактар, қауіпсіз тұрақтар, арнайы белгілер әлі де жеткіліксіз. Сондықтан электрвелосипед жүргізушілері көлік немесе жаяу жүргіншілер жолымен жүруге мәжбүр. Дегенмен бұл мәселені шешуге болады және қазірдің өзінде алғашқы қадамдар жасалып жатыр. Атап айтқанда, қала әкімдігі велоинфрақұрылымды дамыту бағытында жұмыс жүргізіп келеді. Жаңа веложолактар салынып, қолданыстағы жол кеңейтіліп жатыр. Әрине, қазіргі жағдайда инфрақұрылым әлі де жеткіліксіз болғанымен, бұл шешімін табатын мәселе деп ойлаймын, — деді ол.

Электрвелосипедке сұраныстың артуы урбанистикалық тұрғыда жаңа шешімдер мен инфрақұрылымдық өз-



Жаңа талап енгізілгелі бері бір айға жуық уақыт ішінде Алматы қаласында мопед жүргізушілеріне қатысты 2 600-ден астам жол қозғалысы ережесін бұзу дерегі тіркелген. Онымен қоса, 800-ден астам мотокөлік мамандандырылған айыппұл тұрағына қойылыпты.

герістерді талап етеді. Оның бір себебі — аталған көлік түрін ресми түрде тіркеудің қажеті жоқ. Сондықтан жауапты органдар алдында енді электрвелосипед қозғалысын реттеу мәселесі тұр.

— Электрвелосипедке деген сұраныс тек көлік құралы ретінде емес, сонымен қатар қоғамдық денсаулық пен өмір сапасына әсер ететін фактор ретінде қаралуы тиіс. Бұл көлік — адамдарды физикалық белсенділікке итермелейтін денсаулыққа пайдалы қозғалыс түрі. Қала тұрғындарының көбірек қозғалып, белсенді болуына мүмкіндік береді. Сол себепті бұл — тек

логистикалық емес, әлеуметтік тұрғыда маңызды шешім. Бұл тенденция урбанистикалық тұрғыда бірқатар нақты өзгерісті талап етеді. Атап айтсам, қауіпсіз әрі ыңғайлы велоинфрақұрылым, қоғамдық және жеке электрвелосипедтерге арналған тұрақтар, зарядтау нүктелері, сондай-ақ мектеп пен жұмыс орындарына дейінгі маршруттарды ыңғайлы ету мәселесін қарастыру керек, — деді Г. Байғабұлова.

Ресми дерекке сүйенсек, биыл қантар айынан сәуір айына дейінгі аралықта мопедтерге қатысты 233 жол апаты тіркеліп, оның салдарынан 243 адам зардап шеккен.

МӘСЕЛЕ

ЕСКЕРТКІШТЕР ЕСКЕРІЛМЕЙ ТҰР



(Басы 1-бетте)

АЕрбақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

«Шынында да, бізге сол кезеңнен жеткен тарихи нысандардың көпшілігі жойылып кетті. Бүгінде қолда бар құнды ескерткіштеріміздің де жағдайы маземес. Мәселен, қаладағы сол кезден жеткен тарихи нысанның бірі — бүгінгі темір жол вокзалына жуырда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілгені көпке мәлім. Мұны өңір халқы зор қуанышпен қабылдады. Алайда осы жерде тарихи нысанды күрделі жөндеуден өткізу оның көне бет-бейнесін жойып жіберетіні ескерілмеген сияқты. Сонымен қатар жөндеу жұмыстары сапасыз жүргізілсе, бұл ғимараттың тез тозуына әкеп соқтыратыны белгілі. Сондықтан мұндай тарихи, құнды ғимараттарға күрделі жөндеу немесе реставрация жүргізуді құптамаймын. Тек қолда қалған құнды ескерткіштерімізді күтіп ұстап, келешек ұрпаққа аманаттау міндетіміз екенін ескеруіміз керек», — дейді жергілікті өлкетанушы Әлімжан Ержанов.

Негізінен, қаладағы тарихи ғимараттың ең көнесі — 1878 жылы салынған Айтбай мешіті. Тарих беттерін парақтасқад, бұл нысан төңірегінде де көптеген құнды дерекке қанық боласыз. Мешіт сол заманда Айтбай қажының өз қаржысы есебінен салынған деген ақпарат айтылады. Алла үйін Ысқақ пен Камал есімді ұсталар соғыпты. Ең қызығы, мешіт астында бірнеше бағытқа апаратын жерасты жолы бар. Жерастына кірер құдығы ғимаратта әлі де сақтаулы. Бұл жолдың не максатта салынғаны жөнінде ел аузында бірнеше болжам айтылып жүр. Бірақ оның әлі де толық зерттелмей тұрғаны өңір халқын толғандырады.

еліміздің жарқын келешегін қалыптастыру жолында ұлт жанашырларының ықпалымен көптеген оқиға болғаны да тарихи деректерден мәлім. Сол уақытта Сыр ауасымен тыныстап, топырағын басып, Қызылордада еңбек еткен талай тұлғаның тұрған үйлері белгісіз себептермен бұзылып кеткені де белгілі. Бүгінде сондай бұзылып кеткен үйлердің көпшілігінің орнына нақты деректері жазылған ескерткіш такталар орнатылған. Дей тұрғанмен, ел аузында әлі де кейбір зиялыларымыздың тұрған үйлері ескерусіз қалып отырғаны айтылып жүр.

«Жалпы, қаламыздағы тарихи орындардың көпшілігі құрдымға кетті. Осы орайда көне Қызылордада тұрған көптеген ұлт зиялыларының тұрған үйлері халық жадынан ұмыт болып барады. Соған сәйкес, үнемі тарихи орындардарды көпшілік жадында жаңғырту мақсатында өз ұсыныстарымды білдіріп келемін. Соның ішінде қаламыздың Әйтеке би көшесінің бойындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі — әңгіме, проза жанрының майталманы Бейімбет Майлин тұрған үйдің елеусіз қалып тұрғаны қынжылтады. Ертеректе бұл үйге арнайы такта ілінген болатын. Кейіннен ғимаратқа жапсарласа, салынған дүкендердің салдарынан аталмыш такта алынып тасталған. Соны қайта қалпына келтіру қажет деп есептеймін. Сол сияқты бұрын Қазыбек би көшесімен келіп, теміржол вокзалына қарай Қонаев көшесіне бұрылғанда екі қабатты сары ғимарат болатын. Сол кездері ғимарат қабырғасында «Бұл ғимаратта алғашқы қазақ газеттері шығарылған редакция және типография болған» деген жазу тұратын. Бұл жазуды 1975 жылы өз көзіммен оқыған едім. Дерекке сәйкес, ол ғимаратта Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов сынды ұлы тұлғалар қызмет еткен. Сол уақытта баспаханада «Еңбекші қазақ» секілді көптеген қазақ газеті жарық көрген екен. Қазір бұл жерге мейрамхана салынған. Алайда бүгінгі өскелең ұрпақ бір кездері бұл аумақта тарихи маңызы зор ғимарат болғанын біле бермейді. Соған орай сол маңда да арнайы ескерткіш такта қойылса нұр үстіне нұр болар еді», — деді бұл жайында Жазушылар одағы облыстық филиалының төрайымы, ақын Қаршыға Есімсейітова.

Жалпы, күні кешеге дейін қала көркін айшықтайтын заманауи ғимараттар салу үшін көптеген тарихи нысанды құрдымға жіберіп алдық. Алдағы уақытта да жағдай бұлай жалғаса берсе, келешек ұрпаққа аманаттап тапсыратын құнды мұраларымыз қалмауы мүмкін. Сондықтан биылғы тарихи күнді кен көлемде тойлаудан қатар, қолда бар құнды жәдігерлерімізді сақтап, жас ұрпақтың жадында жаңғыртатын сәт келген сияқты.

ТҮЙТКІЛ



АЛАЯҚТАР АЙЫЛЫН ЖИЯР ЕМЕС

Бүгінгі «Остаптар» қала аралап «гастрольдетіп» әуре болмайды. Қыырда отырып алып, қырдағы халықты ұялы телефон арқылы қан қақсата салады. Сонымен қатар ел арасында жүріп түрлі сценарий құрушылар да жеткілікті.

АӘдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

— Қазір қаржылық пирамида — қоғамның өзекті мәселелерінің бірі. Мемлекет басшысы құқықтық тәртіп идеологиясы аясында жұмысты жалғастыруды, қаржылық пирамидалармен күресті күшейтуді, халықтың қаржылық және құқықтық сауаттылығын арттыруды бірнеше рет тапсырды. Осылайша, Қаржы мониторингі агенттігі құрылған сәттен бастап біздің департамент қылмыстық істерді қозғау арқылы 31 қаржылық пирамиданы залалсыздандырды және жойды, — дейді Қарағанды облыстық Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің тергеу басқармасының басшысы Ержан Қалиасқаров.

Істердің көпшілігі, яғни 20-сы сотқа жолданған. Жоғарыда айтылған 31 қаржылық пирамидаға Q1 Trade Kazakhstan, MFO Leader Capital 168 ЖШС, Finiko, BusinessGame, Ne rabota интернет-жобасы, Kotel, Tender, BayLife, MillionerGame77, MillionerGame7777, TheGreatTower, Rassvet i Millionery, Lux, Ozimiz pay Aaray, Faberlic, Doverie, PC AmanatHome, gAC Elim-ai 2019, PC GAP, Tabys, LiveGood, Asarbaspana, SincereSystemsGroup, Tascorp, Fashion Star, Uilibolayik кіреді. Анықталған 100 мың салымшының 5 мыңнан астамы Қарағанды облысының тұрғындары.

Осы жылдың алғашқы алты айына қаржы пирамидасының құрылымдық бөлімшелері басшыларына қатысты 2 үкім шығарылып, олардың біреуіне 7 жылға нақты бас бостандығынан айыру, екіншісіне 5 жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

— Айта кету керек, қаржы пирамидаларын ұйымдастырушылар Қарағанды қаласының ғана емес, облыс аудандарының тұрғындары. Республикалық ауқымдағы пирамидалардың бірі біздің облыста тіпті 4 кенсе ашқан. Оның 2-і Қарағанды қаласында, 1-і Теміртауда және 1-і Балқаш қаласында, — дейді Ержан Қалиасқаров.

Осы уақытта жүргізілген жедел-іздістіру, оның ішінде профилактикалық іс-шаралармен, атап айтқанда, интернет-кеңістігіне мониторинг жүргізгенде қаржылық пирамида белгілері бар 1 312 сілтеме анықталған (оның ішінде: 1 097-і бұғатталды, 78-і қабылданбады, 137-сі орындалуда, бұғаттау пайызы 84%). Осылайша, облыстық Экономикалық тергеп-тексеру департаменті азаматтардың қаржылық пирамида белгілері бар 1 097 интернет-жобаға тартылуының алдын алды.

— Негізгі көрсеткіштерге тоқталсақ, 40 қылмыстық іс өндірісте болса, биыл 27 қылмыстық іс тіркеліп, 21 іс немесе 52,5% аяқталса, 19 іс сотқа жолданды, 2 іс өндірісте тоқтатылды. Аяқталған істердің 14-і ауыр (66,6%), 5-і орташа ауырлықтағы (23%), 5-і ауыр емес. Аяқталған істер бойынша ауыр — 14 (66,6%), орташа — 5 (23%), жеңіл — 2 (9,5%). Белгіленген шығын көлемі 2,1 миллиард теңгені құраса, оның 614 миллионы ақшалай өтелсе, 1,3 миллиард теңгенің мүлкі төркіленді. Төркілеуді есепке алғанда өтелгені — 1,9 млрд теңге немесе 91,7%, — дейді Ержан Қалиасқаров.

Аудан ақша жасап, халықтың қалтасына түскен Бендер ізбасарлары түрлі айла-шарғыны өмірге әкелуде. Айтылып жатса да, өзіміз барып қақпанына түсіп жатқаннан кейін алаяқтар айылын жияр емес.



5 ТАМЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ



ҰЛЫ АБАЙДЫҢ ЕСКЕРТКІШІ КАИРДЕ

*Ризамын, бас иемін Тәңірге,
Бір Аллама бас иесің бәрің де!
Ұлы Абай ескерткіші қойылды,
Мысыр елі астанасы Каирде!*

*Египеттей ежелгі ел — көне елді,
Көрсетуге: «Ұлы Абай», — деп бөгелді,
Мысырдағы Қазақстан елшісі,
Арман мырза бастап ала жөнелді.*

*Ақындықтан биік тартып өр кеудем,
Бала-шаға, көріп қарт та еңкейген,
«Еркіндік, достық» сая бағында,
Тас мүсіні — ұлы Абайдың көркейген.*

*Мысыр елі орналасқан орман боп,
Таңқалатын тоғысатын жолдар көп,
Ескерткішке алып барды елшіміз,
Ұлы Абайдың әруағы қолдар деп.*

*Елші Арман ой-санадан өткізді,
Алып барды аялдаптай көп бізді,
Каирге өзі жолаушылап жеткен жоқ,
Ұлы Абайдың жыр-өлеңі жеткізді.*

*Бүгінгі күн атқандайын таң ғажап,
Ұрпақтарды солай елге жалғамак,
Ұлы Абайдың ескеркіші маңында,
Жиналғандай рухыменен бар қазақ!*

1991 жылдан өмірінің соңына дейін ақын Шөмішбай Сариев М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер ретінде жемісті еңбек етті. Абайтану мен қазіргі қазақ әдебиетін зерттеуге 30 жыл ғұмырын арнаған қаламгер осы уақыт ішінде ғылыми мақалалар жазып, елдің рухани кеңістігіне сүбелі үлес қосты. «Абай ілімі: Ұлттық кодымыз», «Абай поэзиясындағы ақын бейнесі» сынды зерттеулері мен академик Уәлихан Қалижанмен бірлесіп жазған «Ұлы Абай» атты сұхбаты — соның айғағы. Абайдың туған топырағына сапар шегіп, ұлы ақын туралы тебірене жазған өлеңдері де бар. Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай сол жүректен шыққан жырлардың бір парасын назарларыңызға ұсынамыз.

Бар әлемді ЖҮРЕГІМЕН ТЫҢДАТЫП...

*Тұп-түзу атқан оқтай, әрі шағын,
Берлинде көшесі бар ұлы Абайдың.
Біреу сеніп, ал бұған, сенбесе де,
Бұл жерді болатындай ел десе де,
Қарсы қарап үйлер тұр екі бірдей,
Ұлы Абай атындағы сол көшеде.*

*Екі үйдің бойында жоқ кемшілігі,
Қандай жақсы дүние кеңшілігі,
Бір үйде желбіреген Көк байрағы,
Еңселі Қазақстан Елшілігі.*

*Елшілік — өз үйім ғой төрлегенім,
Ерекше сағыныш қой Ел дегенің,
Екінші үй — күйеу балам тұратын үй,
Сол үйге Алатаудан мен келемін.*

*Осы үйде шертем жырмен толғауымды,
Ойлаймын шетте жүріп ел қамыңды,
Сол үйде жыр жазамын күні-түні,
Еске алып өткен-кеткен жолдарымды.*

*Жырыммен көзбен көрген анықты
айттым,
Құстай ұшып көгімде қалықтайт күн,
Рахымжан Қошқарбаев ағамды
еске ап,
Мен бүгін Рейхстагқа барып қайттым!*

*Тәуелсіз боп қазағым жасың тидың,
Қоңыр үні естілер асыл күйдің,
Мұстафа Шоқаевтың қабіріне,
Мен бүгін оқып бата басымды идім.*

*Ақ бұлттың пердесінде Күн арайлым,
Түседі-ау Алатаудан шырадай күн,
Бұл да бір қазағымның бақыты ғой,
Берлинде көшесі бар ұлы Абайдың!..*

ГЕТЕ — ЛЕРМОНТОВ — АБАЙ

1978 жылы жазушы Қалмұқан Исабаев неміс қаласы Ильменаудағы В.Гетенің музейіне ескерткіш такта

орнатты. Мрамор тактада «Қараңғы түнде тау қалғып» атты Абай тәржімалаған Гете өлеңі қазақ тілінде жазылған. Бұл әлемге сапар шеккен Абай жырларының бір ғасырдан астам уақыттан кейін ақынның туған еліне тұңғыш оралуы еді.

*Өлең болып өркеш-өркеш шыңдары,
Танытам деп таудай биік тұлғаны.
Ақын Гете осы жырды, әйтеуір,
Өз халқының жүрегімен жырлады.*

*Жылдар өтті, ғасыр жатты сан алда,
Жорық жасап алынбайтын қамалға,
Қылыш, найза, семсер алмай, жүрекпен
Гете өлеңі сапар шекті ғаламға.*

*Оң сапарын өлеңінің оңғарып,
Гете ақынның перзент жасырын
қолға алып,
Лермонтов та өз ұлындай көтерді,
Әз халқының жүрегімен толғанып.*

*Россиядан тура тартып бұрылмай,
Сахараға шауып жеткен құлындай,
Абай өлең айдарынан сипады,
Қара көзді қазағымның ұлындай,
Қайран қазақ иманындай, сырындай.*

*Бір иісе шабыт деген саулар бұлт,
Бар қазақтың жаз жүрегін баурап ғып,
Гетені Абай ана тілде сөйлетті:
«Қараңғы түнде...
Қараңғы түнде тау қалғып...».*

XXX

*Осылайша сезімді өлең, ойлы өлең,
Сан қамалды, шекараны жойды өлең,
Орыстарда Лермонтов боп сөз алып,
Қазағымда Абай болып сөйлеген!
Өтеді, Уақыт өтеді,
Келеді толқын, кетеді.
Адамзаттың екі елі*

*Маңдайына жаралған,
Жұмыр Жер ғой мекені.
Жанады жүлдіз, жанады!
Атады алда таң әлі.
Батады күн де сан әлі.
Біздерге дейін, бізден де
Қалады, өмір, қалады.
Өмірмен бірге қалды де,
Теңізге тамшы тамды де,
Жұлдызы жарық жанды де,
Жүрекке жетсе баурап ғып.
Мәңгілік қалар мәңгіге:
«Қараңғы түнде тау қалғып...
Қараңғы түнде тау қалғып»...*

КҮН МЕН ТҮН Баллада

*Түн мен күннің арасын
Жалғадым осы жырменен.
Көздің ақ пен қарасын
Бөліп алған нұрлы әлем.*

*Түн мен Күннің бірінде,
Бір жағына тұрса ауар.
Абай ақын: — Ұлым, — деп
Ұлына қойған бір сауал:*

*— Ұйқы менен ояудың
Жағады, — депті — қайсысы?
Ақ пен қара бояудың,
Бағалы, депті — қайсысы?*

*Дәлелдеп бәрін толғанып,
Ойланып барып тап, — депті.
Баласы бір күн ойланып,
— Бағалы бояу — ақ, — депті.*

*Бұл сөзі ұлдың ұнамай,
— Дәлелсіз айту — жаманы.
Меніңше, — депті ұлы Абай, —
Қара бояу бағалы...*

*Түн түн болып толғаса,
Ойға батпас шақтар аз.
Қара бояу болмаса
Түк айтпайды ақ қағаз.*

*Адамға әсем, сымбатты,
Тұратын бояу жарасып.
Дүниеде қымбатты
Көзде емес не қарашық?*

*Айтса да сөзін ояудың,
— Меніңше, — депті баласы —
Ақ пен қара бояудың,
Жер мен коктей арасы.*

*Ақынның ұлы саналы,
Ақылан басын имепті:
— Ақ бояу қымбат болары,
Ақ емес не Мый? — депті.*

АБАЙ ҚАБІРІ БАСЫНДА ТУҒАН ОЙ

*Бір Алатау жерленгенге ұқсады,
Халқым тауын қалай ғана қиды екен?
Жұмыр жерді орап алған құшағы,
Тар қабірге қалай ғана сыйды екен?*

*Қайран ұлын халқына да қимаған,
Құшағына алып жатыр от мекен.
Бар қазақтың маңдайына сыймаған,
Бір табытқа қалай сыйып кетті екен?*

*Ескерткіш боп, нәзік жанын ұрлатып,
Ақын шексіз сырға батқан сияқты.
Бар әлемді жүрегімен тыңдатып,
Өзі жайлы тыңдап жатқан сияқты.*

Шөмішбай САРИЕВ, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ҚАЗАҚ ТОПЫРАҒЫНДАҒЫ ДАРА ІЗ

Абай облысы ақын тойын ел болып атап өтуге тастүйін дайын. Кеше ғана әуеге «Абай 180 жыл» жазуы бар үлкен әуешарын ұшырды. Бұл барша қазаққа ортақ данышпанның асына шақырту деп түсіндік. Торқалы тойдың қарсаңында жер-жерде түрлі мәдени іс-шара өтіп жатқаны тағы бар. Сонымен, ел Жидебай етегінде Сүлеймен бидің асындай 300 ат шауып, 40 атқа бәйге бергендей мереке күтіп отыр.

Қазақты толық адам болуға шақырып, кеше мен бүгіннің болмысын суреттеп кеткен ғұлама жайында қызықты ақпарат дайындағымыз келді. Сол үшін бірнеше министрлікке сұрау салып, су жана мәліметтерді жинадық. Елімізде Абай есімімен байланысты көп дүние бары белгілі. Бірақ нақты қанша екенін көбі біле бермейді.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, елімізде Абай атындағы 120 мектеп, 6 колледж бар. Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университет тағы бар. Ал Абай атындағы бірнеше кітапхана бар десек, Семей қаласындағы «Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханасының» тарихы тереңде жатыр. Бұл еліміздегі ең көне кітапхананың бірі 1883 жылы ашылды десек, оған 1992 жылы ресми түрде Абай есімі берілген. Оған қоса, Семейде «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы жұмыс істейді. Мұны бір сөзбен ұлы ақынның атындағы ғылыми-мәдени орталық деуге болады.

Ал әлемнің бес елінде Абай орталығы барын білесіз бе? Архив құжатнама және кітап ісі комитетінің мәліметінше, Чехияның Прага қаласында Абайдың 175 жылдығына орай ашылған орталық бар. Биыл Черногорияның Подгорица қаласында тағы бір орталық ашылды. Ал 2020 жылы Біріккен Араб әмірлігінің астанасы Абу-Дабида хакім атындағы орталық салтанат құрған. Одан бөлек, Қазақстанның Италия елшілігінде, Санкт Петербург қаласында, Ресей ұлттық кітапханаларында орталық жұмыс істеп тұр.

Жалпы, Ұлттық статистика бюросының хабарлауынша, республика бойынша бір облыс, бір қала, үш аудан, 26 ауыл, бір ферма ұлы Абайдың есімімен аталады. Одан бөлек, Архив құжатнама және кітап ісі комитетінің дерегінше, республика аумағындағы 33 елді мекенге (Павлодар, Ақтөбе, Қостанай, Жетісу, Абай, Түркістан, Қызылорда, Атырау, Қарағанды, Жамбыл, Алматы, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарында)

1231 көше, даңғыл, аллея және скверге (Астана, Алматы, Шымкент қалалары және Павлодар, Ақтөбе, Қостанай, Жетісу, Абай, Түркістан, Қызылорда, Атырау, Маңғыстау, Қарағанды, Ұлытау, Жамбыл, Алматы, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары), 125 мекемеге (Астана, Алматы, Шымкент қалалары және Павлодар, Ақтөбе, Қостанай, Жетісу, Абай, Түркістан, Қызылорда, Атырау, Маңғыстау, Қарағанды, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында) Абай есімі берілген.



Ал ұлы ақынның аттастары туралы мәліметке келсек, Қазақстанда 18 763 адам Абай есімін алған. Қай өңірде Абай көп,



бұл сұрақ бізге де қызық болды. Статистикаға сүйенсек, Астана қаласында 2 089 Абай тұрса, Түркістан облысында 2 018 адам ақын атын аркалап жүр. Одан кейін Алматы облысында 1 632 Абай, Маңғыстау облысында 1 254 ақынның аттасы тұрады. Ал Абай есімі аз кезігетін облыс — Ұлытау (190). Тізімдегі ең жасы үлкен Абай 1932 жылы туылса, ең жасы

биыл дүние есігін ашқан. Қызығы, елімізде 10 азаматша ақынмен аттас екен. Қоғамда кейінгі кезде Абай есімі сиреп кетті деген пікір бар. Алайда дерекке қарасақ, елде жасы 15-тен кіші 3 667 Абай бар. Одан кейін 30-34 жастағы Абайлардың статистикасы көп (3 228).

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ



5 ТАМЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ

1.ТЕНЕУ

Алатауың — Абай жазған өлеңдей, жаратылған мықты болып «өлердей». Катты қатты тағдырына мас болып, «құдайына» не жалынбай, не көнбей.

Мен емес, Жүмекен жазған өлең. Қазақта «Менің қолым емес, Әулиенің қолы» деген сөз бар. Бұл — мән-маңызы биік бір істі бастап берерде, сол мәртебелі кісі арқалы аруақты еске алып, адал жүректен айтатын ақ сөзі. Біз де сөйттік. Абай өлендері туралы айтар сөзді Жүмекен жырларынан алдық.

«Алатауың — Абай жазған өлеңдей».

Менің сөзім емес, Жүмекеннің сөзі.

Бұл — теңеу. Ол — үлкейткіш, анықтағыш тәсіл. Өленде де, сөзде де сүйініп суреттеген нысанын ас-қақтатып, айқындап немесе майдалап, көз көрместі сездіріп, қолға ілінбесті түйсінтерде дәл осындай жан таппас тосын және тұтқиылдан соғатын «теңеу» керек.

Бұл — ұлтқа ұран жазған, бір дәуірдің шабыты сұрапыл құбылысы болған ақынның — Жүмекеннің теңеуі, Абайды жырлауы.

Шынында, бұл көрер көзге Абай туралы емес, Алатау туралы өлең. Сөйте тұра Алатаудың тіл жетпес мықтылығын, бітімін, көркін, биіктігі мен пандығын айтайын дегенде басқа емес, «Абай жазған өлеңмен» теңестіріп қойған. Мұндай теңеуді көре қалғанда өлең оқу дағдысында бар кісінің көңілінде күн күркірер. Тау шындарымен таласқан, әлде одан биігіректе жай отымен жанасқан құбылыс көз алдына келіп, сөз тылсымын түйсіне бастар; одан әрі ақын туралы, Абай өлендері туралы ой қылан берер, жаңғырар.

Бұлай айтпай, «Абай жазған өлең Алатаудай» десе, теңеу сонша әлсірейді. Онда сен «Абай жазған өлеңді» тау басына қарай тартқандай болар едің. Ал «Алатауың (сенің) — Абай жазған өлеңдей» десең ол өлеңді Ала-

таудан да биік сезінесің, тауды жоғары қарай — одан биіктеу тұрған өлеңге қарай көтересің.

Алатауың — Абай жазған өлеңдей!

2.ІЗДЕУ

*Бір сенімi бар едi маған да елдiң,
«Ұлғайды арман», мен-дағы алаң болдым.
Ымыртта ымырт құсап, қоңырайып,
Өзімді іздеп шығып ем — саған келдім.*

*Кетті дейді жыр оңбай... құрсын бәрі,
Сынышлар жүр том жазып, ырсыл қағып...
Жүз мода өзгерді ғой, мың бір заман,
Түйе жүн күні кийі тұрсың ба әлі?!*

*Қажып келдім қасыңа қалғыншы,
Не қарғыс, не бата айтшы... ал құйылышы.
Сен маған туған жерім сияқтысың,
Аңсағанда келетін шалдың иісі...*

Сағыныш қой, шіркін! Абай туралы Жүмекен жиырма шақты өлең жазған. Оқып отырсаң өлең жазғанда Абай оның иығынан қадалып қарап тұрған сияқты елестейді. Өлеңнің кез келген тұсында Абай есіне түсе кетеді, шабытпен ағып келе жатып, Абай өлеңіне соғылады, Абай жырға жолығады.

«Абай ескерткіші» туралы өлеңнің біз үзіп алған үш шумағын енді сіз де жаттап алыңыз. Жұрттың сеніміне аса биік жауапкершілікпен қарайтын Жүмекен, Абай құсап «қартайып, қайғы ойлаған» Жүмекен, ымыртта өзін жоғалтып, енді оны іздеп шыққан беті еді. Өлең суреттер тізбесі сияқты. Қым-қуыт қаланың ортасында ол мәнгі кетіп бара жатқандай. Иә, өлеңді қайталап оқыған сайын ақынның өзімен — ол іздеген ой соқпағымен сіз де жүресіз. Жүрген сайын сол соқпақ Абайға бастап келе береді.

Сананызда жаңғыра беретін сурет бар. Ол сурет — тылсым шабытының ізін кесіп, өзінің өлеңмен өзі түйсінген, өзі суреттеген сұлба-сүлдеріне ілесіп ілбіген Жүмекен. Жол тұйығында Абайдың алдында тұрған Жүмекен. Барар жері «мода жүз өзгеріп, заман мың құбылса да», өзгермейтін, баяғы «түйе жүн күпісімен» тұрған Абай.

*Таппаған соң өлеңмен жүрек емін,
Бір-ақ сілтеп қолымды жүрер едім:
Туа тұғын сықылды бүгін-ертең
Мраморға жазылар бір өлеңім.* (Бұл да осы өлеңінде).

Расында, Жүмекен сол уақыттарда әрбірін мраморға жазуға тұратындай том-том өлендер туғызды.

Абайдың ескерткішіне келіп «Сен менің туған жерім сияқтысың» дегенді кім айта алды? Осындай максималды сезінуден таусыла сөйлей алған біреу бар ма? Сарқыла айту, түбіне жеткізіп айту, теренге тартқан тылсым жарылыстан туады. Бұл дегеніңіз — теңдесі жоқ сезім, теңдесі жоқ шабыт.

Туған жерден артық не болушы еді адам үшін? Адамның туған жерінің топырағына жантайып жатқысы келетін кезі болады. Жүмекеннің де Абай ескерткішіне барып шағынып, тауы шағылып тұрған кейпі ғой. Заманға, шабытқа, уақытқа кеткен еспсіз есе есіне түсіп, дағдарған, таусылған жүдеу кейпі.

«Кейпі» депііз ғой. Егер ол «Қартайдық, қайғы ойладық ұлғайды арман, қорқамын кейінгі жас балалардан» деп Абайша дағдарған кейіп болса, ол — ұлы адамның, ұлт мақсұтын ойлаған адамның кейпі. Ақынның келбеті.

3. ТҮНГІ ОТ

Ақын Абай ескерткішіне бұл ғана емес, біз білгенде, біраз өлең арнаған.

Жүмекен шығармашылық уақытының әр кезеңдерінде әлгінде айтқанымыздай, Абайға жиі айналып соғып отырады. Ескерткішке бұрынырақ арнаған бір өлеңінде:

*Қазыналы жан алтынын төккен күлге,
Құл боп жанып кетіпті көппен бірге.
Қараңғы елде жарқырап туған өлең,
Қара түнде маздаған отпен бірдей.*

*Емен-дағы құласа — бетеге екен,
Дара туған тұлғаң да өтеді екен.*

*Тек қараңғыда жсанған оттың,
Жарығы тым алысқа жетмеді екен,* — деп келеді.

Бұл өлеңді ойланбай-ақ жаттап ал. Әр рет ойша қайталаған сайын алыстан абайдың жарығын, Абай жакқан отты көресің. Сананда қайталаған сайын ойында Абайдың оты жаналанып жанып, жылу беріп, жарық шашып отырады.

4.АЯУ

Бір шумақтан тұратын тағы бір өлеңінде Жүмекен ақын бүй дейді:

*Абайсыз кеткен талайды,
Талайсыз өткен сөзіңді
Айымын;
Заманға қарап — Абайды,
Абайға қарап — өзімді
Айымын.*

Өкініштен өзегі өртенген өлең. Аяу деген ең аяулың үшін күйіну ғой. Ол — жақының болуы мүмкін; ол — жаныңнан артық көрер қымбатың болар; ол — бар қымбатыңды жолына қияр максұт, мұратың болуы мүмкін. Аяйсын. Бәрін аяп отырған өзінді аяйсын. Осы төрт жол өлеңді оқығында аямағандар туралы, «Абайсыз» — андаусыз мерт болғандар туралы, «Абайсыз» кеткендер туралы, оларды аямай-тындар туралы, «аямау» туралы ойларға батасын, тай-факта малтығасын. «Заманға адам күйлемек. Замана оны илемек» дегенді айтқан Абай есіне түседі. «Заманға қарап Абайды, Абайға қарап өзінді аяйтының» содан.

5.ҚАРСЫ ЖҮРУ

«Поэзия» деген жеті шумақ өлеңінде поэзия бозінген секілді кейіпте. Әркім одан «бір тамшы саумал алып калсам» деп жүгіреді. Ақындыктан үміті бар әр пенде қауға алып, бозінген өлеңді қуады.

*Неше түрлі жсалқау мен қырсау мінген,
Поэзия секілді бір саулы інген.
Ботасы өлген секілді ертеде оның,
Абай жатқан бауырында кер төбенің.*

*Қасым жатқан шет жағын боз даланың,
Саулы інген-жыр кезеді бозда әлі.
Ботасы өлген батады Ана мұңға,
Ілиястың Құлагер заманында.*

Поэзия туралы өлеңін Абайдан бастаған Жүмекен Ілиясқа, Қасымға қарай, бері қарай — бізге қарай жүргенде, біз Жүмекеннің келе жатқан ізіне түсіп, өлең келген ізге түсіп, қарсы бағытқа, әрі қарай — Абай жырға қарай жүреміз. Жүмекен келе жатқан бағытқа қарсы әрі қарай жүрсең ол — Абайға, Абай жазған өлеңге апарады.

Біз келесі талдайтын өлеңде мынадай біршумақ бар. *Ақын қаққан күпінің шаңы жатыр құзда әлі, Әйтеуір, сол күпіден «шыққан жұртпыз»* біз дағы. Жүмекен айтқандай, күллі казак ақынының ізін кері шалсаң Абайға апарар.

6.ДИССЕРТАЦИЯ

Жүмекеннің «Қара өлең» атаған келесі толғанысын толығырақ көшірмеске болмады. Себебі Абай тануда бұл өлеңнің орны бөлек. Ол — өзі сонша көркем өлең, өзі тарих, өзі сын, өзі сурет, өзі тұтас диссертацияның салмағын тартып тұрған өлең.

*Абай — жырды құрметтеп, ырза етейін дегенде
Жаңа киім іздеген күллі әлемдік көлемде.
Фрак жапқан жырға асыл — жырласа сол жырласын:
Өзі киген күпіні — кигізген жоқ өлеңге.*

*Пушкин, Байрон, Гегенің өлеңінің өтін ап
құйған сын-ды ол:
Бір ерек құнар тапты топырақ.*



*Сондықтан да жырда Абай шындық ашты бір ұлы:
Қаламдардың сырылы,
Қанжарлардың шыңылы
Араласты тасқын боп азап табы, мұң үні —
Уақыт туды осылай өлеңдерді ұлы-ұлы.*

*Ақын қаққан күпінің шаңы жатыр құзда әлі,
Әйтеуір, сол күпіден «шыққан жұртпыз»* біз-дағы.

*Жаңалықтан жалтақтап,
Суық сезсе шекеміз,
Күпісіне Абайдың әлі сүңгіп, кетеміз.*

*Қара өлендер жасасын! — салмақты, еркін, терең де өр,
Костюм киген ақындар,
Күпі киген өлеңдер!*

*О, сыпайы жаңашыл!
Жер өтінде дірілде —
Шекпен түгіл макентомж ескіріп жүр бүгінде.*

*Киім — мода,
Өлең-жыр мода емес қой,
дегенмен
Кімінің де сән-көркі көрінген жөн өлеңнен.
Саттама етік қимейді қазір қазақ өлеңі,*



Абай туралы Жүмекен жиырма шақты өлең жазған. Оқып отырсаң өлең жазғанда Абай оның иығынан қадалып қарап тұрған сияқты елестейді. Өлеңнің кез келген тұсында Абай есіне түсе кетеді, шабытпен ағып келе жатып, Абай өлеңіне соғылады, Абай жырға жолығады.



*Содан шығар, көп жыршы — жалаң аяқ келеді.
Менсінбей жұрт ескіні,
Жаңасына жете алмай,
Аралықта алпыс жыл уақыт өтті бақандай.*

*Күпі киген ақынның
Костюмді ойы — тамаша,
Киіндірген Абай тек қара өлеңді жаңаша.*

*Қағып-сілкіп күпіні — шекпен алған сол ақын —
Шекпен киген кешегі Мұқағали болатын.*

*Тапқаны ғой әркімнің,
Соған ұқсас сый біздің:
өлеңіме өз басым өкішелі етік кигіздім.*

Абайдың жалпы поэзиясы, ол жасаған замандағы өлең өнері оның салмағы, көркемдігі, ойы, максат-мұраттары туралы кемелді әрі бейнелі өзі ықшам өлең. Абай шығармаларына берілген шынайы да, дәл, биік баға.

«Абай ескерткіші» деген өлеңінде Абайдың бітіміне, оның қазақ санасындағы болмысына өз жүре-гінде өлең ескерткіш қойса; мына өлеңде оның әлемдік денгейдегі көркемдік құбылысын айқындайды.

*Пушкин, Байрон, Гегенің өлеңінің өтін ап
құйған сын-ды ол:*

*Бір ерек құнар тапты топырақ, — дегенін, немесе:
Абай — жырды құрметтеп, ырза етейін дегенде
Жаңа киім іздеген күллі әлемдік көлемде.
Фрак жапқан жырға асыл —*

*Жырласа сол жырласын:
Өзі киген күпіні — кигізген жоқ өлеңге, — дегенін*

қаранызшы.

Бұл өлең алғашқы ой ұшқыны Мұқағалидың «Күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қай-тарамын» деген жолдарының әсерінен келгенін бай-қаймыз. Оны Жүмекен де еске салып өткен.

Мұндай өлеңді бір ғана оқып қоймайды. Бірнеше қайталап оқиды. Бірнеше жыл бойы қайталап оқиды. Ғұмыр бойы оқиды. Абай туралы, Абай жазған өлең туралы сөз болған жерде ең қысқа, ең дәл, ең ғылыми баяндама орнына оқиды. Өлеңді оқыған кісі бір уа-қытта екі ақынды таниды және екі ақынды танытады.

Жүмекен санаулы ғана қазақ ақындарына өлең арнады. Абайға, Махамбетке, Қасымға, Мұқағалиға.

7.СӘУЛЕҢ БОЛСА САНАНДА

Абайдың жеп-жеңіл оқылатын, тілге жеңіл, жүрек-ке жылы тиетін, бірақ түбіне жетіп түсіне қоймайтын өлендері толып жатыр.

Әуелі әннің басы келер ашыы.

«Кел, тыңда» деп қауымға болар басшы.

Керім толғап тауысар қоңыр-қуңгір.

Сол жеріне ойынмен араласшы.

Алдыңғы екі жол түсінікті, қазақ әні жұрт назарын жинау үшін «Әуелетіп ән салсаң» деп Әсет айтқандай биік бастайды. Соңғы екі жолды оқысаң керімсал әнші әуенін қоңырлатып, мамырлатып аяқтайды. Абай айтқан тыңдаушы әнге осы жерден араласса керек. Онда да сөзбен емес, «оймен араласады». Оймен ара-ласу үнсіз араласу.

Қай жерден? Қай сөзге? Бұл жерде сөзге емес, әуенте араласасың. Онда да «Керім толғап тауысар» сөттен кірісесің.

Әншінің ән бастағанда қатты айғайға басып, жұрт-ты қаратып алған асқақ дауысын ұстайсың. Оны ұста-ғанда да ол толқып, толғап, қоңырлап, мамырлап үз-дігіп, үзіліп бара жатқан тұстан ұстайсың.

«Ұстайсың» деппін-ау. Иә, ұстайсың. Әншінің дауысы жылқының қылындай нәзіктеніп, домбыра-сының үні соңғы басқан пернеге буылып, булығып, тынып бара жатқан тұстан ұстайсың. Ол қолға ұстал-майды ғой, жүрекпен, санамен ұстайсың. Абай айт-қандай, «ойыңмен араласасың». Сен «араласқан» жерден «қоңыр, күңгір» әуен сенін сананда жаңғырып, бойына жайылып, тамырына тарап, оның ритімі жүрек лүпіліне түсіп орныға бастайды.

Көңілдің күйі тағы да

Өмірсіз жанның алды ішін.

Аударды өлең жағына,

Нәпсінің сынған қайғысын.

Сурет пе? Сурет. Онда да жан дүниенің ішкі суреті. Терең психологиялық картина. Біз оны бірден оқып өте шығамыз. Бірақ сәлден соң қайта қайырыламыз. Жүмекен не деді?

«Сондықтан жырда Абай шындық ашты бір ұлы:

Қаламдардың сырылы,

қанжарлардың шыңылы

араласты тасқын боп азап табы, мұң үні —

Уақыт туды осылай өлеңдерді ұлы-ұлы», — дегенде

Жүмекен осындай өлендерді мензеген.

Абай осы өлендегі сөйлемнің негізін Лермонтовтан алған. Бірақ сурет әдеттегідей өзіңікі.

Алдыңғы шумақта біз «сол жеріне ойынмен ара-ласшы» деген жолды талдап ек қой. Мұнда да сол сияқты. Колданылған бұлыңғыр ұғымдарды қараңыз:

1-Көңілдің күйі.

2-өмірсіз жан.

3-өмірсіз жанның іші.

4-өлең (өлең жакка)

5- нәпсінің қайғысы.

6- сынған қайғысы

Бұл ұғымдар қазақ өлеңінде қазірде колданылып жүрген жоқ.

Сонымен енді картинаны сипаттайық. Картина деппіз-ау. Видео картина шығар. Жоқ видео да бұны көрсете алмайды. Тек Абайдың өзі айтқандай, «ойың-мен араласшы» дейміз.

Иә, картинаны таратайық делік қой. Бұл өзі өбден торыққан, жан дүниесінде сау тамтық, бүтін ештеме қалмаған адамның көңіл күйінің бір сәті.

Алғашқы екі жолда жаны тірі бірақ «өмірсіз» — то-рыққан жанның ішкі түйсігін «көңілдің күйі» кернейді. Соңғы екі жолда оның нәсісінің «қайғысын», онда да, «сынған қайғысын өлеңге аударды» (қайғының да бүтіні мен сынығы болып тұр). Енді осы суретті көз алдыңызға елестетіңіз. Мұндай суретті еш бояу, еш дыбыс сызып көрсете алмайды. Тек өлең ғана, тіл ғана бейнелей алады. Онда да ол Жүмекен айтқандай «Абай жазған өлең» болса, Абайдың суреткер тілі болса.

Жүмекеннің «Күйді ұқаған кісілер сөзді ұға ма, өзін айтшы, домбыра?!» дейтіні бар. Көркем сөзді тү-сіну дегеніңіз күйді түйсінуден қиындау болғаны ғой. «Қазақтың сөз танымас бір парасы» деп Абай да айт-қанын білерсіз.

Ахмет Байтұрсынұлы да бұдан 115 жыл бұрын жазған «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласында Абай өлендерін түсінбей жатқа оқытындарды көргенін айтып, мынадай тұжырым жасайды: «Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік». Аханша болғанда бәріміз де «оқушымыз», «Оқырман» сөзі кейін дала болды.

Абай «Сәулең болса сананда» деген өлеңінде «Единица жақсысы сенген елі өңшең нөл. Единица нөлсіз-ақ бір өзіндік болар ол» дейді.

Біз де Абайға арнаған бір өленімізді:

«Единица жақсысы сенген елі өңшең нөл...»

Қарсы алдына Абайдың.

Нөл болуға көнсең кел» деп аяқтаппыз.

«Жаңалықтан жалтақтап,

Суық сезсе шекеміз,

Күпісіне Абайдың әлі сүңгіп кетеміз», — дейді тағы

да Жүмекен.

Абай өлендері әр кезеңде жазылғанына қарай әр қилы тәсілмен туады. Бізге қызығы: «Тілге жеңіл, жү-рекке жылы тиіп, айналасы теп-тегіс жұмыр келген», «Алыстан сермеп, жүректен тербеп, шымырлап бойға жайылатын» Абай өлендерінің оқуға жеңіл, ойға ауырлығы. Айтар ойының ауырлығы. Терендігі, Ала-таудай биіктігі, кендігі, нәзіктігі, жаңалығы, тыңдығы, тасындығы.

Алмас АХМЕТБЕКҰЛЫ,
ақын, жүмекентаушы

5 ТАМЫЗ | СЕЙСЕНБІ

Икрамжан Рафиков – Қазақстан Қолөнер шеберлері одағының мүшесі. Ұлттық өнерге жанашыр көзбен қарайтын зергер бүгінде әлемнің алпауыт елдеріне қазақ әшекейлерін танытып, өзінің нағыз шебер екенін де мойындатқан. Ұмытылуға шақ қалған әшекейлерімізді қайта тірілткен – оның ісмер қолдары. Көпке беймәлім және ұмыт болып бара жатқан ұлттық әшекей бұйымдар жасаумен айналысатын зергер Икрамжан Рафиковпен сұхбаттасқан едік.



алтыннан бағасы әлдеқайда төмен. Айырмашылық мынада: егер алтыннан жасалған әшекей болса, оның салмағына қарай мән беріп кетеміз, ал егер күмістен жасалса, онда оның түріне, формасына қызығушылық пайда болады. Қарап отырсақ, әшекейлерді тек күмістен жасау бұрыннан қалыптасқан. Құрметті, бай адамға тарту, жоралғы беретін кезде сол күмістің үстінен алтын жалатылған.

— Өзіңіз айтпақшы, әшекейлер сәнді ғана емес, денсаулыққа да пайдалы болуы керек. Ол үшін, әрине сапаның рөлі ерекше ғой. Сіздің қолөнеріңіз ЮНЕСКО-ның «Шеберлік сапа белгісіне» ие болғанын естідік.

САҚИНАНЫҢ СЫРЫН

— Икрамжан мырза, бүгінде қазақтың әшекейлері трендте десек те болады. Бірақ қазіргі қолданыстағы әшекейлерге қарағанда ұмыт болып не жойылып кеткені көбірек сияқты. Олардың философиялық мәні де ерекше болатын...

— Қазір қыз-келіншектер тағып жүрген әшекейдің бәрі бірдей. Ал қазақ әйелді қолындағы сақинасына қарап таныған. Мен бұған дейін өзім жасаған, ойдан шығарған әшекейлерді белгілі бір философиялық астарға сүйене отырып жататтым. Мысалы, «Билік жүзігі», «Әскер қыз» деген жүзіктер әйел адамның өртүрлі жасына арналған.

— Оларды қалай ажыратуға болады?

— Зергерлердің стилі өртүрлі болады және өздерінің қолтаңбасын қалдырғысы келеді. Осы екі жүзік менің қолтаңбам сияқты. Өйткені бұларды осы уақытқа дейін ешкім жасамады. «Әскер қыз» — 16 жастан асқан қыздар тағатын жүзік. Оның «Билік жүзігінен» айырмашылығы аса көп емес: оюы аз және көлемі кішірек. Нақтырақ түсіндірейін, сақина формасы батырлардың сауытына ұқсас болғандықтан, ою аз түседі. Қазақ қыздарының да батыр болғанын ескеріп, оны жүзік сипатына кіргізуге бел будым.

Ал «Билік жүзігін» 35 жастан асқан әйелдер таққан. Бұл жүзік — бір рулы елдің анасы, әйел көсемнің бейнесі. Қазақ даласында мұндай аналарымыз көп болды. Оның таққан жүзігі ешқайсысына ұқсамаған. Бұл жүзік үш бөліктен тұрады. Саусаққа толып киіліп



нағыз зергер болумен екеуі екі бөлек еді. Сондықтан біржола зергер болуға бет бұрдым.

— Әшекейлерді тек күмістен жасайды екенсіз. Әрі оны «мейірімді металл» деп атапсыз. Қазақ әшекейлерінің материалы қандай болған? Әшекей бұйымының материалы оның түріне қарай таңдала ма?

— Алғаш рет зергерлік бұйымды күмістен жасаған едім. Мельхиордан да жасадық. Бірақ одан көбіне тұрмыстық заттарды жасайды. Ал қазір әшекейлер күмістен жасалғаны дұрыс. Өйткені күміс адам денсаулығына пайдалы. Оның құрамында микробты

— Иә, бұл ЮНЕСКО көлемінде ұйымдастырылып отырады. Кез келген қолөнерші өзінің жұмысын тапсыра алады. Дүниежүзілік қолөнершілер ұйымы оны 16 пункт бойынша бағалайды, әр талапқа сай келген шебер жұмысы «Шеберлік сапа белгісіне» ие болады. Бұл сайысқа «Құдағи жүзік» атты туындымды өткіздім. Бұл әшекейдің де мағынасы қазақ дәстүріне негізделген. Яғни, бұл — қыздың анасы күйеу жігіттің анасына сыйлайтын жүзік. Екі саусаққа қатар киіледі. Шанырақ көтерген жігіт пен қыздың арқасындағы құдалық байланыс берік болсын деген ниетте беріледі әрі анасы қызын құдағиына аманаттап тапсырғанының белгісі. Қазір бізде бұл жүзікті ешкім алмайды, қолданыста жоқ. Осылайша, мұндай құнды жәдігерлеріміз ақырын ұмыт бола бастайды. Өйткені олардың орнын қазір алтын, бриллиант сияқты қымбат асыл бұйымдар басып жатыр.

— Қиялыңыздан туып, қолыңызбен жасалған қаншама әшекей барын білдік. Оларды қазір көбі қолданбайды деп те жатырсыз. Бірақ соларды енді қалай сақтауға болады? Бәрін топтастырған жинағыңыз бар ма?

— Байқауға қатысу үшін зерттеген әшекей бұйымдар туралы жинақ жарық көрді. Ол «Батыс Қазақстан» деп аталады. Оған өңіржиік, білезік, сырға, алқа мен жүзік кіреді. Қолөнершілер үшін ұйымдастырылатын ең үлкен «Шебер» атты байқау бар. Оған тек зергерлер емес, кілем тоқитын, ағаш не былғарыдан жасайтын шеберлер де қатыса алады. Соған қатысу үшін кітаптарды парақтадым. Сөйтіп, әр кітаптан 7 түрлі жүзікті таңдап алып, бір қобдишаға жинадым. Оның бәрі әйелдердің жасына қарай тағылатын жүзік еді. Оның атауын «Әжемнің мұрасы» деп қойдым. Мағынасы — әйелдер өмірінде жас кезінде, келіншек болғанда, ана атанғанда, құдағи, әже болғанда өртүрлі жүзік тағады. Мен солардан жиынтық жасап, конкурста ұсындым. Осылайша, «Шебер» конкурсында «Жойылып бара жатқан қолөнер» номинациясы бойынша жеңімпаз атандым.

— Қолөнершілерге арналған халықаралық байқауларда болдыңыз ғой. Сонда басқа халық пен қазақ ұлттық әшекейінен не байқауға болады? Ұқсас-

тығы не айырмашылығы туралы сұрап отырмын.

— Бұрын шекарамыз нақты бөлінбеген кезде көрші халықтармен аралас-құралас болып тұрдық қой. Сондағы белгілер әліге дейін сақталған. Қалай десеніз, еліміздің оңтүстік өңіріндегі оюымызда өзбек, тәжік халықтарынікіне ұқсастық басым болса, солтүстігімізде татар, башқұрт халқының ою-өрнегіне ұқсастық айқын көрінеді. Ал батыста әзербайжан мен түрікмен халықтарының ұлттық әшекейіне ұқсастықты байқаймыз.

— Ал қазақтың ұлттық әшекейлерінің нарықтағы жағдайы қандай?

— Зергерлік бұйымдардың деңгейі ел ішінде ғана емес, шетелдерде де жоғары. Оған мысал келтірейін: осыдан 4 жыл бұрын Бұқара қаласында өткен Дүниежүзілік фестивалге қатыстым. «Зергерлік» және «Зердоздық» деген екі номинациямен марапаттайтын. Сонда біздің елімізден неше түрлі номинациямен атағы шыққан 8 қолөнерші бардық. Басқа елден бір-бір адамнан

ғана келіпті. Көрмеге де санаулы-ақ заттарын қойған. Ал біз апарған ұлттық зергерлік бұйымдарымыз саны жағынан да, сапасы жағынан да басқалардан озық тұрды. Көп жерде қолөнерді дамытуымыз керек деп айтылып жатады. Бірақ оның лебі бізге әлі сезілмеді. Шетелге конкурстарға жиі шығамыз ғой, сонда басқа елден келген қолөнершілерге елдерінің көрсеткен құрметін көріп, жанымыз ашиды өзімізге. Марапаттар да тек конкурс деңгейінде беріліп жатыр. Жана сіз айтып өткен трендтегі әшекейлерге қуанамыз, бірақ біздің жойылып бара жатқан бұйымдарымыз көп. Біз, зергерлер оны жасай береміз, бірақ қымбат болған соң халық та ала бермейді. Алмаған соң... Не десек те, қазақ ұлттық бұйымының тұтынушысы қазақ қана.

— Зергерлікке ерте келгеніңізге қарағанда отбасыңызда бұл өнерге жақын адам болған сияқты?

— Әкем — суретші. Ағаштан ою ойып, түрлі мозайка жасады. Ғұмырының жартысын осы өнерге арнаған болса, қалғанын театрға арнады: спектакльге керек құмыра, қылыш, баскім, белдік сияқты бірқатар театр қажеттілігін жасады. Кішкентай кезімде үйге суретшілер, әртістер көп келетін. Ауық-ауық шығармашылық ортаны көріп өстім. Менің бұл жолға келуіме осылар әсер етсе, екіншіден әкемнің нұсқаулығы да түрткі болды. Оқуым біткен соң мені Абдулла Наурызбаев деген зергер досына алып келіп, шәкірт етті.

— Әңгімеімізді қолөнер саласындағы жетістіктеріңізбен тәмамдасақ.

— 90-жылдары қазақ зергерінің өнері қазақ даласында қылан беріп, тіпті жоқ болып кету қаупімен де бетпебет келген еді. Сол кезде ұстазымызбен одан қайтсек аман шығуымыздың жолын жан-жақты қарастырғанбыз. Қалмай көрме-жәрменкелерге қатыстық. Кейін 2012 жылы Қолөнер шеберлері одағы құрылғаннан кейін барлық қолөнерші жұмысы қайта аяққа тұрды. Содан бері сол одақтың мүшесімін. Бір байқаудың өзінен қатарынан 3 орын алған кезім де болды. Сөйтіп, шетелге де жол ашылды. Мысалы, Ыстанбұл қаласында 24 жылдан бері өткізіліп келе жатқан қолөнершілер фестиваліне қатыстым. Непалда бақ сынадым. Швеция, Ұлыбритания, Колумбия, Испания, Италия, Мьянма, Грузия мен Кенияның шеберлері қатысқан халықаралық Global Eco Artisan Awards байқауында жеңімпаз атандым. Манхэттен қаласында бір ай көлемінде қазақтың өңіржиік оюы, сырғасы тұрды. Бұл байқауда 6 адам жеңімпаз болдық. Сөйтіп, «Дүниежүзілік қолөнерші» деген атаққа ие болдым. Мұның бәрін мақтанып айтқым келмейді, бұл жетістікке жетуім — қазақ әшекей бұйымының осындай марапатқа лайық болатындай әдемі әрі мағыналы болуында шығар.

— Әңгімеіңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН КУИЗ ӨТТІ

Семейде республикалық «Абай Quiz» зияткерлік ойыны өтті. Шараға Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген 180 команда қатысты. Олардың қатарында абайтанушылар, студенттер, филологтар мен ұлы ақынның шығармашылығына қызығатын жастар бар.



Жалпы сайыс 7 тақырыптық айналымнан тұрды. Әр айналымда 8 сұрақтан, барлығы 56 сұрақ қойылды. Жеңімпаздарға арналған жұлде қоры — 4 миллион 700 мың теңге.

— Сұрақтардың басым бөлігі Абай Құнанбайұлының өмірі, шығармашылығына арналған. Жобаның негізгі мақсаты — ақын мұрасын осы 180 жылдық аясында дәріптеу, шығармашылығымен таныстыру, — дейді ұйымдастырушылардың бірі Қуаныш Молдақашев.

Ойынға барлығы 1 080 адам жиналған. Бұл — еліміздегі куиз форматындағы ойындар арасында бұрын-соңды болмаған көрсеткіш, — дейді ұйымдастырушылар. Енді бұл нәтижені Қазақстан рекордтар кітабына енгізуді жоспарлап отыр.

ОТАНДЫҚ ӘРТІСТЕР ОЗЫҚ ШЫҚТЫ

Отандық әртістер «Рух Санат» бірінші дүниежүзілік дәстүрлі мәдениет және музыка фестивалінде ауызша кәсіби музыка өнері орындаушыларының халықаралық байқауында жеңіске жетті.



Ыстықкөл жағалауында өткен байқауға Қазақстан, Өзбекстан, Ресей, Жапония, Үндістан, Мысыр, Оңтүстік Корея, Польша, Бангладеш, Гвинея, Эстония, Мажарстан және Непал елдерінен 8 жеке орындаушы мен 12 шығармашылық топ қатысты.

Жеке орындаушылар арасында 1-орын мен 200 мың сом (шамамен 1 млн 242 мың теңге) жұлдені казакстандық Салтанат Қайратқызы мен Донгак Найдан (Ресей) жеңіп алды. Шығармашылық топтар арасында бірінші орынды Tergrі Saz ансамблі (Қазақстан) мен «Хараача» (Ресей) ансамблі бөлісті. Жұлде 300 мың сомды (шамамен 1 млн 863 мың теңге) құрады.

Дәстүрлі мәдениет пен музыканы сақтауға қосқан үлесі үшін халықаралық қазылар алқасының арнайы дипломымен «Кәусар» тобы (Қазақстан), Klara Dudas and Borbala Toreky (Мажарстан) дуэтті және Super Trio (Польша) ұжымы марапатталды.

Ұйымдастырушылар атап өткендей, байқау тәжірибе алмасу мен кәсіби өсудің жанды алаңына, материалдық емес мәдени мұраны сақтауға ықпал ететін мәдени диалог алаңына айналды.

«Рух Санат» фестивалі екі жыл сайын өтетін тұрақты халықаралық шара болмақ. Келесі тақырып этникалық биге арналады.

Мейір ЖАСЫН

 AMANAT MEDIA GROUP AIQYN Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ	Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі	АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР: Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы Назгул НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы Бәни ЖАНҰСАҚ – Атырау облысы	«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102 Жеке жазылушылар үшін – 65102 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 reklam.aikyn@gmail.com ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: 8(771) 804-61-32 podpiska.alt@gmail.com Газет аптасына 3 рет шығады	Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді ТАРАЛЫМЫ: 40 000 Тапсырыс №4625 Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 Б Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,
--	--	--	--	---